

Элективті пәндер каталогы

6B03 - Әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат
(Білім беру саласының жіктелуі және коды)

6B032 - Журналистика және ақпарат
(Даярлау бағытының жіктелуі және коды)

0320

(Халықаралық стандарттық білім беру жіктеуішіндегі код)

B042 - Журналистика және репортер ісі
(Білім беру бағдарламасы тобының жіктелуі және коды)

6B03202 - Журналистика, SMM және PR
(Білім беру бағдарламасының коды және атауы)

бакалавр
(дайындық деңгейі)

Оқуға түскен жылы 2025 жыл

Әзірленді

БББ академиялық комитеті
АК жетекшісі Сағанаева Г.Б.
БББ менеджері Хибадуллина А.С.

ҚАРАСТЫРЫЛДЫ

Университеттің Академиялық кеңесінің бекітуіне ұсынылады
23.02.2025 жылғы No 6 хаттама
Комиссия төрағасы

БЕКІТІЛДІ

Университет Академиялық кеңесінің отырысында 2025 жылы «18» наурыз № 4 хаттама.

Құқық негіздері және антикоррупциялық мәдениет

Пән циклі	Жалпы білім беру пәндер
Курс	1
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Пәннің мақсаты- негізгі құқықтық ұғымдарды, қағидаттар мен нормаларды, азаматтардың құқықтарын қорғау тетіктерін зерделеу, сондай-ақ құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы сананы қалыптастыру. Курс заңнаманы талдауды, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес тетігін және этикалық стандарттарды қамтиды. Құқықтық сауаттылықты дамытуға және әрбір азаматтың құқықтық тәртіп пен әділеттілікті сақтаудағы рөлін түсінуге баса назар аударылады.

Пәнді оқыту мақсаты

«Құқық негіздері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет» пәнінің мақсаты — студенттердің заңды сауаттылығын қалыптастыру, қоғамның құқықтық негіздерін түсіну, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы сананы, жауапкершілік пен этикалық құндылықтарды дамыту, бұл дағдылар құқық тәртібін қолдауда және қоғамда әділдікті нығайтуда маңызды рөл атқарады.

Оқыту нәтижелері

ON1 Қоғамның қазіргі даму үрдістерін ескере отырып, әлеуметтік-мәдени, экономикалық-құқықтық, экологиялық білімдер мен коммуникативтік дағдыларды, ақпараттық технологияларды қолдану

Пән бойынша оқыту нәтижелері

- Қоғамдық қатынастарды реттейтін негізгі құқықтық ұғымдар, принциптер және нормалар туралы түсінік қалыптастыру, сондай-ақ олардың құқық тәртібін қамтамасыз етудегі рөлін түсіну.
- Заңнамада азаматтардың құқықтарын қорғау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылмен байланысты заңнамалық нормаларда бағытталу және өз мүдделерін қорғау үшін құқықтық механизмдерді қолдану дағдыларын меңгеру.
- Мемлекеттік және қоғамдық деңгейлерде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі механизмдері мен құралдарын білу.
- Сыбайлас жемқорлық көріністеріне теріс көзқарас қалыптастыру және олардың алдын алуға ықпал ететін этикалық құндылықтарды дамыту.
- Құқықтық жағдайларды талдау, азаматтардың құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін құқықтық құралдар мен әдістерді қолдану дағдыларын меңгеру.
- Жауапкершілігі жоғары азаматтық мінез-құлықты қалыптастыру, құқық тәртібін сақтау және қоғамда әділдік пен заңдылықты нығайтуға белсенді қатысу.
- Құқықтық сауаттылықты, сын тұрғысынан ойлауды және азаматтық жауапкершілікті дамыту, қоғам өміріне саналы түрде қатысу үшін қажетті дағдыларды меңгеру.

Пререквизиттер

Мектеп курсы

Постреквизиттер

БББ базалық және бейіндеуші пәндері

Қаржылық сауаттылық негіздері

Пән циклі	Жалпы білім беру пәндер
Курс	1
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Пәнің мақсаты- білім алушылардың жеке қаржысын басқарудағы негізгі білімдері мен практикалық дағдыларын дамытуға бағытталған. Курс негізгі экономикалық түсініктерді, ұтымды бюджеттеу, инвестициялау, жинақтау және қаржылық тәуекелдерден қорғау принциптерін қамтиды. Несиелеу, инвестициялау, қаржылық қызмет көрсету мәселелеріне ерекше көңіл бөлінеді. Бұл курсты аяқтау білім алушыларға негізделген қаржылық шешімдер қабылдауға, қарыз тұзақтарынан, қаржылық пирамидалардан аулақ болуға және өз қаражаттарын тиімді басқаруға көмектеседі.

Пәнді оқыту мақсаты

Студенттердің күнделікті өмірде негізделген қаржылық шешімдер қабылдауына қажетті жеке қаржы, салықтар, банк қызметтері, несие, жинақ және инвестициялар саласында базалық білім қалыптастыру.

Оқыту нәтижелері

ON1 Қоғамның қазіргі даму үрдістерін ескере отырып, әлеуметтік-мәдени, экономикалық-құқықтық, экологиялық білімдер мен коммуникативтік дағдыларды, ақпараттық технологияларды қолдану

Пән бойынша оқыту нәтижелері

- Қаржылық сауаттылықтың негізгі ұғымдарын түсіндіреді, жеке және отбасылық бюджетті жоспарлай алады.
- Әртүрлі қаржылық құралдардың артықшылықтары мен тәуекелдерін бағалайды, негізгі банк және цифрлық қаржы қызметтерін пайдаланады.
- Жинақ, несие және инвестиция бойынша негізделген шешімдер қабылдайды, қаржылық сауатсыздық салдарын талдайды.

Пререквизиттер

Мектеп курсы

Постреквизиттер

БББ базалық және бейіндеуші пәндері

Экономика және кәсіпкерлік негіздері

Пән циклі	Жалпы білім беру пәндер
Курс	1
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Бұл негізгі экономикалық принциптерді, нарықтық тетіктерді, меншік нысандарын және экономикалық қызмет заңдылықтарын зерттейтін пән. Курс сұраныспен ұсыныстың, бәсекелестіктің, салық салудың, қаржыландырудың, инвестициялаудың және бизнесті жоспарлаудың негізгі аспектілерін қамтиды. Кәсіпкерлік ойлауды дамытуға, тәуекелдерді талдауға және бизнесті басқару стратегияларына ерекше назар аударылады. Бұл пәнді оқу бизнес жүргізудің, экономикалық негізделген шешімдер қабылдаудың практикалық дағдыларын қалыптастыруға көмектеседі.

Пәнді оқыту мақсаты

Студенттерде экономика және кәсіпкерлік саласында базалық білімді қалыптастыру, экономикалық ойлауды дамыту, сондай-ақ нарықтық ортада кәсіпкерлік қызметті жүргізу үшін қажетті дағдыларды игеру.

Оқыту нәтижелері

ON1 Қоғамның қазіргі даму үрдістерін ескере отырып, әлеуметтік-мәдени, экономикалық-құқықтық, экологиялық білімдер мен коммуникативтік дағдыларды, ақпараттық технологияларды қолдану

Пән бойынша оқыту нәтижелері

Курсты игергеннен кейін студент негізгі экономикалық заңдар мен ұғымдарды түсінуге, нарықтық экономиканың жұмыс істеу принциптерін түсінуге, экономикалық жағдайды талдауға, кәсіпкерлік ойлауды іс жүзінде қолдануға және экономикалық және кәсіпкерлік қызметті тиімді басқаруға қабілетті.

Пререквизиттер

Мектеп курсы

Постреквизиттер

БББ базалық және бейіндеуші пәндері

Тұрақты даму, экология және тіршілік қауіпсіздігі негіздері

Пән циклі	Жалпы білім беру пәндер
Курс	1
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Бұл пән өмірдің әртүрлі салаларында қауіпсіздік негіздерін оқытуға, сондай-ақ адамның табиғатпен өзара әрекеттесуін зерттеуге бағытталған. Ол қоршаған ортаны қорғау мәселелерін қамтиды және жаһандық экологиялық және әлеуметтік қиындықтарды шешу үшін стратегияларды бағалау мен әзірлеу дағдыларын қамтиды. Курстың аясында су ресурстарының, ауа сапасының, жердің деградациясының, азық-түлік қауіпсіздігінің, сондай-ақ адам әрекетімен туындаған табиғи және техногендік апаттардың қауіпсіздігі мәселелері қарастырылады және олардан қорғау әдістері тұрақты даму мақсаттары контекстінде талқыланады.

Пәнді оқыту мақсаты

Тіршілік қауіпсіздігінің негіздері күнделікті өмірде салауатты, қауіпсіз мінез-құлықты қалыптастыру, сондай-ақ әртүрлі төтенше жағдайлар кезінде дұрыс әрекет ету, өзіне де, жақын маңдағы зардап шеккендерге де алғашқы медициналық көмек көрсету үшін қажетті білім мен дағдыларды алу болып табылады.

Оқыту нәтижелері

ON1 Қоғамның қазіргі даму үрдістерін ескере отырып, әлеуметтік-мәдени, экономикалық-құқықтық, экологиялық білімдер мен коммуникативтік дағдыларды, ақпараттық технологияларды қолдану

Пән бойынша оқыту нәтижелері

қоғам мен табиғаттың тұрақты дамуын, толыққанды әлеуметтік және кәсіптік қызметті қамтамасыз ету үшін салауатты өмір салтына бағдарлану

Қазақстандық қоғамның әлеуметтік, іскерлік, мәдени-құқықтық және этикалық нормаларына сәйкес әрекет ете отырып, әлеуметтік-саяси, экономикалық және құқықтық білім негіздерін пайдалана отырып, тұлғалық және кәсіби бәсекеге қабілеттілікті көрсете отырып, өзінің моральдық және азаматтық ұстанымын дамыту

Пререквизиттер

Мектеп курсы

Постреквизиттер

БББ базалық және бейіндеуші пәндері

Инклюзивті қоғам құндылықтарын қалыптастыру

Пән циклі	Жалпы білім беру пәндер
Курс	1
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Пән студенттердің инклюзия құндылықтарын, әртүрлілікке құрметпен қарау, мүмкіндіктер мен білім алуға қолжетімділікте теңдік қағидаларын түсінуін дамытуға бағытталған. Курсты оқу барысында білім алушылар инклюзивті тәжірибе қағидаттарын меңгеріп, инклюзияның құқықтық және этикалық аспектілерін талдайды, сондай-ақ мультимәдениетті және инклюзивті ортада тиімді өзара іс-қимыл жасау дағдыларын қалыптастырады. Бағдарлама әлеуметтік жауапкершілік пен төзімділікті негізгі кәсіби құзыреттер ретінде дамытуға ықпал етеді

Пәнді оқыту мақсаты

Оқушыларда қоғамның барлық мүшелерін қабылдау, құрметтеу және қолдау бағытында білім жүйесін, құндылықтық бағдарларды және мінез-құлық стратегияларын қалыптастыру, инклюзия, төзімділік және әлеуметтік жауапкершілік

мәдениетін дамыту.

Оқыту нәтижелері

ON1 Қоғамның қазіргі даму үрдістерін ескере отырып, әлеуметтік-мәдени, экономикалық-құқықтық, экологиялық білімдер мен коммуникативтік дағдыларды, ақпараттық технологияларды қолдану

Пән бойынша оқыту нәтижелері

-Оқушылардың жеке, физиологиялық және психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, заманауи оқыту технологияларын қолдану.

-Педагогикалық мәселелерді шешу және педагогикалық қызметтің тиімділігін бақылау үшін қажетті психодиагностикалық және психометриялық әдістерді пайдалану.

-Педагогикалық қызмет саласындағы алынған практикалық және теориялық білімді қолдану және дамыту.

Пререквизиттер

Мектеп курсы

Постреквизиттер

БББ базалық және бейіндеуші пәндері

Журналистиканың құқықтық негіздері және медиасауаттылық

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	2
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Бұл курс журналистика мен медиа сауаттылықтың құқықтық аспектілері қарастырады. Журналистердің жұмысын заң тұрғысынан реттейтін ережелер мен принциптерді, сондай-ақ аудиторияны ақпаратты дұрыс қабылдауға және сыни тұрғыдан ойлауға үйрететін дағдыларды қамтиды. Курста журналистиканың құқықтық негіздері, сөз бостандығы, ақпарат тарату, құқықтық жауапкершілік және этикалық нормалар қарастырылады. Құқықтық ақпаратты дұрыс қабылдау мен түсіну, құқықтық сауаттылықты арттыру, құқық бұзушылықтар мен заңдарды қоғамға түсіндіру тәсілдері қарастырылады.

Пәнді оқыту мақсаты

Журналистиканың құқықтық негіздері және медиасауаттылықты меңгерту. Құқық қорғау саласының ішкі құрылымдарындағы өзіндік ерекшеліктері негізінде жаңа сипаттағы журналистік ізденістер қажеттігін білім алушыларға ұғындыру..

Оқыту нәтижелері

ON2 Журналистік материал дайындауда құқықтық және этикалық ережелер мен медиа ақпараттық сауаттылықтың негізгі қағидаларын пайдалану

ON3 Журналистік материалдарды саралау мен дайындауда журналистика жанрлары мен формаларымен, ақпарат көздерімен жұмыс істеуге бейімдеу.

ON4 Дәстүрлі және жаңа медианың технологиялық мүмкіндіктері, баспа, радио, теледидар, интернет материалдары негізінде жаңа форматтарда журналистік өнім жасау.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

- 1) БАҚ қызметін құқықтық реттеудің негізгі тұжырымдамалары мен принциптерін, медиа сауаттылық негіздерін игереді;
- 2) Медиа нарығы субъектілерінің ақпараттық қызметімен және журналистік мазмұндағы сапамен жүретін заңнамалық актілерді сипаттай алады;
- 3) Ақпараттық қызмет саласындағы құқықтық түсініктерді пайдаланады, құқықтық, этикалық, техникалық сауаттылықты және жоғары сапалы журналистік мазмұнды ескере отырып, редакциялық медианың үлгілерін жасай біледі.

Пререквизиттер

Мамандыққа кіріспе

Постреквизиттер

Data-журналистика SMM нарығы

Журналистикадағы құқықтық стандарттар

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	2
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Пәнде журналистік қызметті реттейтін құқықтық-нормативтік база, БАҚ қызметінің заңнамалық негіздері, журналистердің құқықтары мен міндеттері, сондай-ақ сөз бостандығы, цензура, жалған ақпарат пен жеке өмірді қорғау мәселелері қарастырылады. Білім алушылар авторлық құқық, ақпаратқа қол жеткізу, этика мен құқықтық жауапкершілік аясындағы ұлттық және халықаралық стандарттарды меңгереді. Курста білім алушылар құқықтық нормаларды қолдану арқылы журналистік іс-әрекеттерді заң аясында ұйымдастыру әдістерін меңгереді.

Пәнді оқыту мақсаты

Журналистік қызметті реттейтін құқықтық нормалар мен стандарттарды меңгерту, сөз бостандығы мен ақпаратқа қол жеткізу құқықтарын түсіндіру. Журналистік қызметті заң аясында жүргізу үшін қажетті құқықтық дағдыларды қалыптастыру.

Оқыту нәтижелері

ON2 Журналистік материал дайындауда құқықтық және этикалық ережелер мен медиа ақпараттық сауаттылықтың негізгі қағидаларын пайдалану

ON3 Журналистік материалдарды саралау мен дайындауда журналистика жанрлары мен формаларымен, ақпарат көздерімен жұмыс істеуге бейімдеу.

ON4 Дәстүрлі және жаңа медианың технологиялық мүмкіндіктері, баспа, радио, теледидар, интернет материалдары негізінде жаңа форматтарда журналистік өнім жасау.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

- 1) Журналистік қызметті реттейтін негізгі құқықтық нормалар мен стандарттарды біледі;

- 2) Сөз бостандығы, ақпаратқа қол жеткізу және авторлық құқық саласындағы құқықтық мәселелерді түсінеді;
3) Құқықтық талаптарды сақтай отырып, журналистік іс-әрекеттерді ұйымдастыру және заң шеңберінде ақпаратты пайдалану әдістерін қолданады.

Пререквизиттер

Мамандыққа кіріспе

Постреквизиттер

Data-журналистика SMM нарығы

Журналистің кәсіби этикасы және заң

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	2
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Пән журналистердің кәсіби қызметінде этикалық және заңдық нормаларды сақтау мәселелерін қарастырады. Журналистика саласындағы кәсіби этика мен ҚР-ның «Ақпарат туралы», «БАҚ туралы», «Құқық қорғау қызметі туралы» заңдары түсіндіріледі. Пәнде журналистің қоғам алдындағы жауапкершілігі, объективтілік, адалдық және дәлдік принциптеріне негізделген этикалық стандарттар мен міндеттері, сондай-ақ заңды жауапкершілік, жеке өмірді қорғау және сөз бостандығы мәселелері зерттеледі.

Пәнді оқыту мақсаты

Журналистік қызметте кәсіби этика мен заңдық нормаларды сақтау, ақпаратты объективті және жауапкершілікпен жариялау дағдыларын қалыптастыру, сондай-ақ журналистиканың этикалық стандарттары мен құқықтық талаптарына сай жұмыс істеуді үйрету.

Оқыту нәтижелері

ON2 Журналистік материал дайындауда құқықтық және этикалық ережелер мен медиа ақпараттық сауаттылықтың негізгі қағидаларын пайдалану

Пән бойынша оқыту нәтижелері

- 1) Журналистік қызметте кәсіби этика мен заңдық нормаларды біледі;
- 2) ҚР «Ақпарат туралы», «БАҚ туралы» және «Құқық қорғау қызметі туралы» заңдарын кәсіби қызметте қолдана алады;
- 3) Журналистік қызметте объективтілік, адалдық және дәлдік принциптеріне негізделген этикалық стандарттарды түсінеді;
- 4) Ақпаратты жариялау кезінде этикалық және заңдық жауапкершілікті дұрыс бағалайды.

Пререквизиттер

Мамандыққа кіріспе

Постреквизиттер

Data-журналистика SMM нарығы

Телевизиялық өндіріс

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	2
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Курста тележурналистиканың негіздерін, телебағдарламаларды дайындау және көрсету процесін түсінуге мүмкіндік береді. Телеарналар мен басқа да медиа ұйымдардағы өндіріс процестерімен таныстырады. Бұл пәнде телебағдарламалардың түрлері, түсірілімнің техникалық және шығармашылық аспектілері, монтаждау, аудио, бейнеконтент жасау, телеоператорлық және режиссуралық дағдылар сияқты маңызды мәселелер қарастырылады. Білім алушылар жоспарлау, түсіру, дыбыс және бейнемазмұнды үйлестіру, сондай-ақ телевизиялық студия мен сыртқы түсіру алаңдарында жұмыс істеудің негізгі әдістері мен технологияларын меңгереді.

Пәнді оқыту мақсаты

Тележурналистиканың барлық кезеңдеріндегі жұмыс процестерін игерту. Шығармашылық, техникалық дағдыларды дамыту, телебағдарламаларды жоспарлау, түсіру, монтаждау, эфирге шығару процестерін үйрету арқылы тележурналистика саласындағы кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру.

Оқыту нәтижелері

ON4 Дәстүрлі және жаңа медианың технологиялық мүмкіндіктері, баспа, радио, теледидар, интернет материалдары негізінде жаңа форматтарда журналистік өнім жасау.

ON7 Отандық медиа индустрияның проблемалары, БАҚ тұрақтылығы көрсеткіштері, БАҚ тұтынуудағы өзгерістер, медиабизнесстің бөлігі ретінде блогосфераның пайда болу жағдайына бейімдеу

Пән бойынша оқыту нәтижелері

- 1) Телебағдарламаларды түсіру мен монтаждаудың негізгі әдіс-тәсілдерін меңгереді;
- 2) Телеөндірістің барлық кезеңдерін түсінеді және нәтижелі жұмыс істей алады;
- 3) Тележурналистикадағы шығармашылық және техникалық процестерді үйлестіре біледі, телевизиялық ақпаратты тиімді және кәсіби түрде ұсыну дағдыларын меңгереді.

Пререквизиттер

Мамандыққа кіріспе Заманауи әлемдік масс-медиа

Постреквизиттер

Конвергенттік журналистика негіздері Авторлық бағдарламалар

Тележурналистика: сценарийлік және режиссерлік шеберлік

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	2
Академиялық кредит саны	5

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Курс индустрияда қабылданған сценарийді рәсімдеу форматтарын таныстыруға бағытталған. Сценарий жоспарын құру әдістемесі, сценарийлік-режиссерлік көркемдік шешімдер, шығармашылық бағытты іздестіру, сценарий типтері мен олардың ерекшеліктері қарастырылады. Білім алушыларды бейнеконтентті түсіру және оны дұрыс көрсету үшін қажетті сценарий жазу және режиссерлік дағдылармен таныстыруға арналған. Курс жаңа медиа форматтарында (тележурналистика, интернетжурналистика, деректі фильмдер және басқа да визуалды контент) шығармашылық және техникалық дағдыларды дамытуға мүмкіндік береді.

Пәнді оқыту мақсаты

Сценарий жазу және режиссерлік шешім қабылдау дағдыларын дамыту; бейнеконтентті режиссуралау, редакция-монтаждау негіздерін меңгерту; Журналистика саласында түсірілім материалын жоспарлау, аудиториямен дұрыс қарым-қатынас орнату және бейнеконтент жасау кезінде шығармашылық тәсілдерді тиімді пайдалану дағдыларын қалыптастыру.

Оқыту нәтижелері

ON4 Дәстүрлі және жаңа медианың технологиялық мүмкіндіктері, баспа, радио, теледидар, интернет материалдары негізінде жаңа форматтарда журналистік өнім жасау.

ON7 Отандық медиа индустрияның проблемалары, БАҚ тұрақтылығы көрсеткіштері, БАҚ тұтынудағы өзгерістер, медиабизнестің бөлігі ретінде блогосфераның пайда болу жағдайына бейімдеу

Пән бойынша оқыту нәтижелері

1)Бейнеконтентке сценарий жазудың құрылымы мен принциптерін меңгереді және тележурналистика, деректі фильмдер немесе басқа да бейнеконтент форматтары үшін сценарийлер жасауға дайын болады;

2)Бейнеконтентті түсіру кезінде режиссерлік шешім қабылдау әдістерін үйренеді. Кадрлау, композиция, қозғалыс және монтаждың рөлі туралы түсінік алады;

3)Акерлік шеберлік және деректі және бейнерепортаж жобаларында аудиториямен жұмыс жасау дағдыларын меңгереді, журналистік бейнеконтентті жоспарлау және шығармашылық топты басқару және түсіру процесін ұйымдастыру дағдыларын игереді;

4)Журналистика саласындағы бейнеконтентті бағалау, сыни тұрғыдан талдау және редакциялау дағдыларын дамытады.

Пререквизиттер

Мамандыққа кіріспе Заманауи әлемдік масс-медиа

Постреквизиттер

Конвергенттік журналистика негіздері Авторлық бағдарламалар

Телевизия және радиохабар дайындау технологиясы

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	2
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Пәнде телебағдарламалар мен радиохабарларды жасалу процесінің барлық техникалық аспектілері, тәсілдері мен құралдары қарастырылады. Көрініс пен мәтіннің бірізділігі, теледидардың көркемдік құралдары: аудиовизуалды, бейнелік бейнелер, көркем шешендік сөздер қолданысы меңгеріледі. Сондай-ақ білім алушыларға телевизия мен радио хабарларын дайындау, түсіру, монтаждау, эфирге шығару, сонымен қатар әртүрлі техникалық құралдарды қолдану әдістерін үйретеді. Курста телевизиялық жабдық және теледидар камерасының ерекшеліктері, камераны басқару, жарықтандыру, кадр құрылымы, композиция туралы түсінік беріледі.

Пәнді оқыту мақсаты

Заманауи ақпарат құралдарының бір саласы – теле-аудиотехника жайында жан-жақты білім, мол мағлұмат береді. Теле-аудиотехникаға тән принциптер мен заңдылықтарды теориялық негізде меңгеру.

Оқыту нәтижелері

ON4 Дәстүрлі және жаңа медианың технологиялық мүмкіндіктері, баспа, радио, теледидар, интернет материалдары негізінде жаңа форматтарда журналистік өнім жасау.

ON7 Отандық медиа индустрияның проблемалары, БАҚ тұрақтылығы көрсеткіштері, БАҚ тұтынудағы өзгерістер, медиабизнестің бөлігі ретінде блогосфераның пайда болу жағдайына бейімдеу

Пән бойынша оқыту нәтижелері

1)Телерепортер, тележүргізуші, диктор, оператор мамандықтарын игереді;

2)Шығармашылық топтар құруды және хабар жасауды үйренеді;

3) Теледидар жабдықтарымен танысып, компьютерлік бейне-монтаж өңдеуді үйренеді.

Пререквизиттер

Мамандыққа кіріспе Заманауи әлемдік масс-медиа

Постреквизиттер

Конвергенттік журналистика негіздері Авторлық бағдарламалар

Жаңалықтар және аналитикалық журналистика

Пән циклі	Бейіндеуші пәндер
Курс	2
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Журналистиканың негізгі ұғымдары ашылып, екі бағыт – жаңалықтар және талдамалы бағыттары сипатталады; жаңалықтар журналистикасының неғұрлым белсенді жанрлық нысандары және талдамалы журналистиканың жанрлық нысандары сипатталады; қазақстандық БАҚ-тың жаңалықтар және талдамалы материалдары талданады.

Пәнді оқыту мақсаты

Кәсіби журналистиканың негізгі қағидаларымен таныстыру, жаңалықтар мен аналитикалық материалдарды кәсіби деңгейде жинау, өңдеу, талдауды үйрету. Журналистік зерттеу, объективтілік, деректерді тексеру және ақпаратты сараптау қабілеттерін дамытуға ерекше көңіл бөлінеді.

Оқыту нәтижелері

ON5 Ақпарат кеңістігінде цифрлы құзіреттіліктерді пайдалану арқылы цифрлық медиа мен жасанды интеллектінің мүмкіндіктерін қолдану

ON7 Отандық медиа индустрияның проблемалары, БАҚ тұрақтылығы көрсеткіштері, БАҚ тұтытудағы өзгерістер, медиабизнестің бөлігі ретінде блогосфераның пайда болу жағдайына бейімдеу

Пән бойынша оқыту нәтижелері

1) Жаңалықтарды жинайды және тексереді, деректерді талдайды, журналистік зерттеу жүргізеді, тақырыпты терең түсініп, оған қатысты дұрыс сұрақ қоя біледі;

2) Аналитикалық мақалалар мен репортаж жазуды және ұйымдастыруды біледі;

3) Әртүрлі көзқарастар мен ақпаратты салыстырып, объективті шешім қабылдай біледі, әлеуметтік және саяси мәселелерге қатысты жоғары деңгейде ақпарат ұсына алады.

Пререквизиттер

Заманауи әлемдік масс-медиа Бұқаралық коммуникация тілі мен стилі: сөйлеу мәдениеті және редакциялау

Постреквизиттер

Журналистің жеке стилі

Digital журналистика

Пән циклі	Бейіндеуші пәндер
Курс	2
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Пәнде цифрлық медиа мен интернет платформаларында ақпаратты жинау, өңдеу және тарату және басқару әдістері оқытылады. Білім алушылар сандық медиа-контент жасау (мәтін, бейне контент, инфографика), әлеуметтік медиа мен блогтар жүргізу, мультимедиялық редакциялау және веб-дизайн, онлайн-аудиториямен интеракция жасау дағдыларын меңгереді. Сонымен қатар цифрлық журналистиканың этикалық және құқықтық аспектілері талданады. Курс интернетте кәсіби контент жасауға дайындайды.

Пәнді оқыту мақсаты

Цифрлық журналистика саласында теориялық және практикалық білім беру, мультимедиялық контент құруды үйрету, интернет-аудиториямен жұмыс істеуге үйрету, цифрлық ақпаратты тарату дағдыларын дамыту.

Оқыту нәтижелері

ON4 Дәстүрлі және жаңа медианың технологиялық мүмкіндіктері, баспа, радио, теледидар, интернет материалдары негізінде жаңа форматтарда журналистік өнім жасау.

ON9 Мультимедиялық талдау арқылы ақпарат алудың формалары мен әдістерін қолдану, мультимедиялық форматтарды веб-ресурстарға орналастыру

ON10 Деректер журналистикасындағы үлкен көлемдегі деректерді талдау, визуализация құралдарын пайдалану, әрбір жеке деректер элементінің мәнін ашу

Пән бойынша оқыту нәтижелері

1) Цифрлық платформаларда контент жасау, жаңалықтар жазу және редакциялық жұмыстар жүргізуді біледі;

2) Әлеуметтік медиа мен цифрлық платформаларды тиімді пайдалану дағдыларын қолданады.

Пререквизиттер

Мамандыққа кіріспе Заманауи әлемдік масс-медиа

Постреквизиттер

Конвергенттік журналистика негіздері Digital журналистика Data-журналистика

Жаңалық және ойлау технологиялары / жаңалықтар фабрикасы

Пән циклі	Бейіндеуші пәндер
Курс	2
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Курс жаңалық журналистиканың теориялық және практикалық негіздерін қарастырады. Жаңалықтарды сыни тұрғыдан бағалау, ақпараттың шынайылығын тексеру және медиадағы жаңа технологияларды қолдану тәсілдерін қамтиды. Білім алушылар ақпаратты тексеру, манипуляция және жалған жаңалықтарды анықтау әдістерін үйренеді. Сонымен қатар жаңалықтарды жазу стилі мен әдістері, креативті ойлау: жаңалықтарды жасау процесінде шығармашылық және инновациялық ойлау қабілеттерін дамытады. Жаңалықтар фабрикасы: яғни жаңалықтарды редакциялау процесін жүзеге асыратын механизмдерді үйренеді.

Пәнді оқыту мақсаты

Жаңалықтардың теориялық және практикалық аспектілерін, жаңалық жасаудың негізгі принциптерін меңгерту; ақпаратты іздеу, өңдеу және тарату әдістерін үйрету; жаңалықтардың сенімділігі мен объективтілігін бағалау, сыни тұрғыдан ойлау, фактчекинг және медиа сауаттылық деңгейін арттыру.

Оқыту нәтижелері

ON3 Журналистік материалдарды саралау мен дайындауда журналистика жанрлары мен формаларымен, ақпарат көздерімен жұмыс істеуге бейімдеу.

ON4 Дәстүрлі және жаңа медианың технологиялық мүмкіндіктері, баспа, радио, теледидар, интернет материалдары негізінде жаңа форматтарда журналистік өнім жасау.

ON6 Ақпаратты анықтау және тарату, елдегі әлеуметтік-экономикалық жағдайды аналитикалық бағалау үшін SMM және PR

коммуникация әдістерін пайдалану

Пән бойынша оқыту нәтижелері

- 1) Жаңалықтардың құрылымы мен жанрлық ерекшеліктерін түсінеді;
- 2) Жаңалықтардағы манипуляцияларды анықтай алады және объективтілік қағидаларын сақтауға дағдыланады, мультимедиялық форматта жаңалықтарды жазу, өңдеу және ұсыну дағдыларын қалыптастырады;
- 3) Жаңалық жазуда заманауи технологияларды (Big Data, AI, фактчекинг құралдары) қолдануды үйреніп, сыни тұрғыдан ойлау дағдыларын дамыта алады және аудиторияға әсер ету әдістерін талдай алады.

Пререквизиттер

Заманауи әлемдік масс-медиа Бұқаралық коммуникация тілі мен стилі: сөйлеу мәдениеті және редакциялау

Постреквизиттер

Журналистің жеке стилі

Цифрлық платформадағы жаңалық форматы

Пән циклі	Бейіндеуші пәндер
Курс	2
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Пән цифрлық медиада жаңалық дайындаудың заманауи тәсілдерін, құрылымын, тілдік және визуалды ерекшеліктерін қолдануды үйретеді. Пән аясында мобильді журналистика, мультимедиялық контент жасау, деректер журналистикасы, интерактивтілік, кросс- платформалық жариялау мен жасанды интеллект құралдарын пайдалану қарастырылады. Білім алушылар цифрлық платформада жаңалықты жедел, нақты әрі тартымды түрде ұсыну дағдыларын меңгереді.

Пәнді оқыту мақсаты

Білім алушыларды цифрлық медиада жаңалық жасаудың заманауи әдіс- тәсілдерін меңгерту, цифрлық платформаларда ақпаратты жедел, нақты әрі көркем түрде ұсыну дағдыларын қалыптастыру және мультимедиялық журналистиканың кәсіби талаптарын үйрету.

Оқыту нәтижелері

ON4 Дәстүрлі және жаңа медианың технологиялық мүмкіндіктері, баспа, радио, теледидар, интернет материалдары негізінде жаңа форматтарда журналистік өнім жасау.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

- 1) Цифрлық медиада жаңалық мәтінінің құрылымдық және тілдік ерекшеліктерін біледі және оларды дұрыс құрастыруды түсінеді;
- 2) Мультимедиялық және интерактивті құралдардың мүмкіндіктерін түсінеді және жаңалық контентін түрлі платформаларға бейімдеп қолдана алады;
- 3) Мобильді және деректер журналистикасы тәсілдерін жаңалықты жедел әрі нақты жеткізуде тиімді қолдана біледі.

Пререквизиттер

Заманауи әлемдік масс-медиа Бұқаралық коммуникация тілі мен стилі: сөйлеу мәдениеті және редакциялау

Постреквизиттер

Журналистің жеке стилі

Мультимедиадағы фото

Пән циклі	Бейіндеуші пәндер
Курс	2
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Пән мультимедиялық журналистика мен визуалды коммуникация саласындағы фотографияның негіздерін зерттейді. Фотосуреттің техникалық аспектілерін, медиа форматтарда кескіндерді редакциялау, фотосуреттерді жасау, өңдеу әдістерін үйретеді. Суреттерді мультимедиялық контентке қосу, оларды шығармашылық тұрғыда өңдеуге назар аударылады. Білім алушылар цифрлық фотосурет негіздерін, композиция ережелерін, жарық пен түс үйлесімін меңгереді. Курста фотожурналистика, деректі және жарнамалық фотография, әлеуметтік медиа үшін визуалды контент жасау әдістері қарастырылады.

Пәнді оқыту мақсаты

Цифрлық фотосуреттің техникалық және шығармашылық аспектілерін үйрету. Фотожурналистика мен мультимедиа саласында сапалы визуалды контент жасауды меңгерту. Камераны басқару, жарықпен жұмыс істеу және композиция құру дағдыларын дамыту. Әлеуметтік медиа, жарнама және жаңалықтар платформалары үшін тартымды фотоматериалдар жасау әдістерін үйрету.

Оқыту нәтижелері

ON3 Журналистік материалдарды саралау мен дайындауда журналистика жанрлары мен формаларымен, ақпарат көздерімен жұмыс істеуге бейімдеу.

ON4 Дәстүрлі және жаңа медианың технологиялық мүмкіндіктері, баспа, радио, теледидар, интернет материалдары негізінде жаңа форматтарда журналистік өнім жасау.

ON7 Отандық медиа индустрияның проблемалары, БАҚ тұрақтылығы көрсеткіштері, БАҚ тұтынуындағы өзгерістер, медиабизнесінің бөлігі ретінде блогосфераның пайда болу жағдайына бейімдеу

ON8 Медиадағы әлеуметтік маркетинг, жалпы ережелері, медиаменеджерлерге арналған SMM қызметі жағдайларын пайдалану

Пән бойынша оқыту нәтижелері

- 1) Фотоаппаратпен және мобильді құрылғылармен сапалы сурет түсіру дағдыларын меңгереді. Композиция, перспектива және жарықпен жұмыс істеу әдістерін қолданады.
- 2) Фотожурналистика мен сторителлинг үшін визуалды материалдар дайындай алады. Әлеуметтік желілер мен

мультимедиалық жобаларға арналған кәсіби фотоконтент жасай алады.

3) Фотосуреттерді өңдеу және монтаждау әдістерін қолданады.

Пререквизиттер

Мамандыққа кіріспе Заманауи әлемдік масс-медиа

Постреквизиттер

Конвергенттік журналистика негіздері Data-журналистика

Цифрлық медиа және жасанды интеллект

Пән циклі	Бейіндеуші пәндер
Курс	2
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Пәнде цифрлық медианың даму тенденциялары мен жасанды интеллектінің медиа индустрияда қолданылу негіздері қарастырылады. Білім алушылар цифрлық контент өндірісінде жасанды интеллект алгоритмдерінің рөлі, деректерді өңдеу, автоматтандырылған журналистика, медиа-аналитика және персонализация туралы білім алады. Пән цифрлық медианың дамуы мен ағымдағы тенденцияларын талдауды, жасанды интеллект көмегімен жаңалықтар репортажын автоматтандыруды және фактчекинг жүргізу әдістерін үйретеді. Пән жасанды интеллект арқылы креативті мультимедиялық контент құруға бағытталған.

Пәнді оқыту мақсаты

Цифрлық медианың негізгі принциптерімен таныстыру және жасанды интеллектінің (ЖИ) медиа индустрияда қолданылуын үйрету. Медиа-аналитиканың, контент құрудың және ЖИ-дің этикалық аспектілерін зерттеу; автоматтандырылған медиа құралдарын пайдалану дағдыларын қалыптастыру.

Оқыту нәтижелері

ON5 Ақпарат кеңістігінде цифрлы құзіреттіліктерді пайдалану арқылы цифрлық медиа мен жасанды интеллектінің мүмкіндіктерін қолдану

ON10 Деректер журналистикасындағы үлкен көлемдегі деректерді талдау, визуализация құралдарын пайдалану, әрбір жеке деректер элементінің мәнін ашу

Пән бойынша оқыту нәтижелері

- 1) IT және медиа коммуникациялар салаларында ғылыми мақалалар жазу және редакциялауды біледі;
- 2) AT технологиясын пайдалана отырып, проблемалар туралы аналитикалық материалдарды жазу және өңдеуді біледі;
- 3) Ақпарат және идеялармен, озық тәжірибелермен алмасу, жаңа компьютерлік бағдарламалармен және қосымшалармен жұмыс істей біледі;
- 4) Заманауи инновациялық технологияларды меңгеру: үлкен деректер, деректерді визуализация, 3D принтерлер, жасанды интеллект, виртуалды және аралас шындық және т.б. қолданады.

Пререквизиттер

Мамандыққа кіріспе Заманауи әлемдік масс-медиа

Постреквизиттер

Конвергенттік журналистика негіздері Data-журналистика

Журналистік шеберлік және контент дайындау негіздері

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	2
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Бұл курста білім алушылар мәтіндік, аудиовизуалды және цифрлық контентті құрудың заманауи әдістерін үйренеді. Лингвистикалық стильге, медиа этикасына және шығармашылық шеберлікке ерекше мән беріледі. Пәнде журналистиканың жанрлық түрлері (ақпараттық, сараптамалық, көркем-публицистикалық жанрлар), жаңалық жазу принциптері (5W +H формуласы, фактчек, сенімді дереккөздер), цифрлық платформаларға контент дайындау (сайт, әлеуметтік желілер, блогтар), фото және видеоны мәтінмен үйлестіру, т.б. тақырыптар қарастырылады.

Пәнді оқыту мақсаты

Журналистік шеберліктің негізгі принциптерін, ақпаратты жинау және өңдеу әдістерін, сапалы медиа-контент жасаудың шығармашылық және техникалық аспектілерін үйрету.

Оқыту нәтижелері

ON4 Дәстүрлі және жаңа медианың технологиялық мүмкіндіктері, баспа, радио, теледидар, интернет материалдары негізінде жаңа форматтарда журналистік өнім жасау.

ON7 Отандық медиа индустрияның проблемалары, БАҚ тұрақтылығы көрсеткіштері, БАҚ тұтынуындағы өзгерістер, медиабизнесінің бөлігі ретінде блогосфераның пайда болу жағдайына бейімдеу

Пән бойынша оқыту нәтижелері

- 1) Журналистиканың негізгі жанрлары мен стильдерін қолдана алады;
- 2) Ақпаратты іздеу, тексеру және өңдеу әдістерін меңгереді, заманауи медиа платформаларда (теледидар, радио, интернет, әлеуметтік желілер) жұмыс істей біледі;
- 3) Фактчекинг және медиаэтиканың негізгі принциптерін сақтай отырып, журналистік материалдар дайындайды, мәтіндік, аудиовизуалды және мультимедиялық контент жасау технологияларын қолдануды үйренеді.

Пререквизиттер

Заманауи әлемдік масс-медиа Журналистика тарихы

Постреквизиттер

Журналистік мәтін жазуда деректерді визуалдау Журналистік зерттеу Журналистің жеке стилі

Инновациялық публицистика

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	2
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Бұл курс қазіргі БАҚ пен журналистиканың даму үрдістерін, публицистикалық жанрлардың жаңаруын, жаңа медиа кеңістігіндегі публицистикалық стильдер мен тәсілдерді зерттейді. Қазіргі ақпараттық қоғамдағы публицистиканың рөлі мен маңызын, оның әлеуметтік, саяси, мәдени үдерістерге әсерін түсіндіреді. Пәнде цифрлық журналистика мен дәстүрлі публицистиканың байланысы, қазіргі публицистикалық жанрлар мен форматтар; мультимедиялық, мобильдік және әлеуметтік желі публицистикасы, публицистикалық мәтіндердің аналитикалық және сын тұрғысынан талдануы қарастырылады.

Пәнді оқыту мақсаты

Жаңашыл көзқарастағы публицистикалық мәтіндер жазу қабілетін қалыптастыру. Қазіргі публицистиканың теориялық негіздерін меңгерту, жаңашыл стильдегі, креативті публицистикалық туындылар жасауға баулу, медиа саласындағы жаңа технологиялар мен платформаларды (әлеуметтік желі, мультимедиа, подкастинг, т.б.) публицистикада тиімді қолдану жолдарын үйрету.

Оқыту нәтижелері

ОН3 Журналистік материалдарды саралау мен дайындауда журналистика жанрлары мен формаларымен, ақпарат көздерімен жұмыс істеуге бейімдеу.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

- 1) Жаңашыл публицистиканың теориялық негіздерін және қазіргі медиа трендтерін еркін меңгереді;
- 2) Әртүрлі платформаларға бейімделген мультимедиялық публицистикалық материалдар дайындай алады;
- 3) Креативті ойлау қабілетін көрсетіп, өзіндік авторлық стиль қалыптастырады;
- 4) Қоғамдық маңызы бар мәселелерді терең талдап, журналистік құралдар арқылы көркем жеткізе алады, журналистік этика нормаларын сақтай отырып, сапалы және сенімді ақпарат жаза алады.

Пререквизиттер

Заманауи әлемдік масс-медиа Журналистика тарихы

Постреквизиттер

Журналистік мәтін жазуда деректерді визуалдау Журналистің жеке стилі

Медиаиндустриядағы конвергенция

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	2
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Бұл пәнде медиаиндустриядағы қазіргі тенденцияларды, оның ішінде түрлі медиа платформалардың конвергенциясын, ақпаратты таратудағы жаңа тәсілдерін және оның журналистика саласына әсерін қарастырылады. Білім алушылар дәстүрлі және жаңа медианың интеграциясын, медиа индустриядағы инновацияны және конвергенцияның журналистикаға қалай ықпал ететінін түсінеді. Курс ақпаратты жеткізу тәсілдерінің өзгеруін, медиа технологиялардың дамуын, медиа өндірісінің жаңа модельдерін, цифрлық құралдардың ықпалдасуын және аудиториямен өзара әрекеттесу формаларын қарастырады.

Пәнді оқыту мақсаты

Медиа индустриядағы конвергенцияның негізгі принциптері мен механизмдерін және оның журналистика саласындағы рөлін түсіндіру. Журналистиканың болашақ кәсіби стандарттарына сәйкес жұмыс істейтін шығармашылық және техникалық дағдыларды дамыту.

Оқыту нәтижелері

ОН7 Отандық медиа индустрияның проблемалары, БАҚ тұрақтылығы көрсеткіштері, БАҚ тұтынуудағы өзгерістер, медиабизнестің бөлігі ретінде блогосфераның пайда болу жағдайына бейімдеу

ОН9 Мультимедиялық талдау арқылы ақпарат алудың формалары мен әдістерін қолдану, мультимедиялық форматтарды веб-ресурстарға орналастыру

Пән бойынша оқыту нәтижелері

- 1) Медиа индустрия конвергенциясының теориялық және практикалық аспектілерін біледі;
- 2) Заманауи медиа индустриядағы жаңалықтар мен өзгерістерге бейімделіп, кәсіби деңгейі артады.

Пререквизиттер

Цифрлық медиа және жасанды интеллект Журналистикадағы маркетинг пен менеджмент, жарнама және PR

Постреквизиттер

Мультимедиялық журналистика & Видеосторителлинг Медиа дизайн және графикалық дизайн

Біріктірілген коммуникация негіздері

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	2
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Бұл пәнде білімалушылар журналистика мен коммуникация саласының негіздерін, оларды түрлі медиа-арналар арқылы тиімді әрі дұрыс тарату әдістерін үйренеді. Білім алушылар біріктірілген коммуникация құралдарын және олардың журналистика саласындағы маңызын түсінеді, медиа-кеңістіктегі ақпараттық үдерістердің әртүрлі аспектілерін талдайды. Курста жарнама, PR, маркетинг, бренд менеджменті және әлеуметтік медиа сияқты түрлі коммуникация құралдарын бір жүйе ретінде қолдану тәсілдерін үйретеді.

Пәнді оқыту мақсаты

Қазіргі журналистика мен коммуникацияның теориялық және практикалық аспектілерін түсіндіру, оларды жаңа медиамен жұмыс істеуге дайындау, журналистика саласындағы кәсіби құзыреттілігін дамыту.

Оқыту нәтижелері

ON5 Ақпарат кеңістігінде цифрлы құзіреттіліктерді пайдалану арқылы цифрлық медиа мен жасанды интеллектінің мүмкіндіктерін қолдану

ON7 Отандық медиа индустрияның проблемалары, БАҚ тұрақтылығы көрсеткіштері, БАҚ тұтынуындағы өзгерістер, медиабизнестің бөлігі ретінде блогосфераның пайда болу жағдайына бейімдеу

ON9 Мультимедиялық талдау арқылы ақпарат алудың формалары мен әдістерін қолдану, мультимедиялық форматтарды веб-ресурстарға орналастыру

Пән бойынша оқыту нәтижелері

1) Біріктірілген коммуникация және журналистика саласындағы негізгі ұғымдар мен теорияларды түсінеді.

2) Жаңа медиа құралдарын пайдаланып, ақпаратты әртүрлі аудиторияға жеткізу дағдыларын игереді.

3) Ақпаратты нақты, тиімді және заңды түрде жеткізу қабілетіне ие болады.

Пререквизиттер

Цифрлық медиа және жасанды интеллект Журналистикадағы маркетинг пен менеджмент, жарнама және PR

Постреквизиттер

Мультимедиялық журналистика & Видеоосторителлинг Медиа дизайн және графикалық дизайн

Конвергенттік журналистика негіздері

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	2
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Пән қазіргі заманауи медианың өзгеру тенденцияларын, конвергентті журналистика мен редакциялық процестердің ерекшеліктерін зерттейді. Білім алушылар мультимедиялық контент жасаудың (мәтін, фото, видео, аудио контентті біріктіру, кросс- платформалық материал дайындау, сторителлинг, лонгридтер, подкасттар, деректі фильмдер, интерактивті репортаждар), ақпаратты әртүрлі платформаларға бейімдеу және редакциялық жұмысты басқару әдістерін үйренеді. Осы курста цифрлық журналистика, медиа саласындағы трансформация, деректерді визуализациялау, медиа-аналитика және фактчекинг дағдылары қалыптасады.

Пәнді оқыту мақсаты

Конвергентті журналистиканың негізгі принциптерімен, кросс-платформалық контент құрумен және редакциялау әдістерімен таныстыру. Редакциялық процестерді басқару және контент сапасын арттыру әдістерін меңгерту.

Мультимедиялық және кросс- платформалық контент жасау дағдыларын дамыту. Дата журналистикасы, фактчекинг және медиа-аналитика негіздерін үйрету.

Оқыту нәтижелері

ON4 Дәстүрлі және жаңа медианың технологиялық мүмкіндіктері, баспа, радио, теледидар, интернет материалдары негізінде жаңа форматтарда журналистік өнім жасау.

ON6 Ақпаратты анықтау және тарату, елдегі әлеуметтік-экономикалық жағдайды аналитикалық бағалау үшін SMM және PR коммуникация әдістерін пайдалану

ON9 Мультимедиялық талдау арқылы ақпарат алудың формалары мен әдістерін қолдану, мультимедиялық форматтарды веб-ресурстарға орналастыру

Пән бойынша оқыту нәтижелері

1) Конвергентті журналистика принциптерін және медиа интеграциясының маңызын түсінеді;

2) Ақпаратты мультимедиялық форматта (мәтін, бейне, аудио, инфографика) өңдей алады;

3) Контентті әртүрлі платформаларға (теледидар, радио, интернет, әлеуметтік желілер) бейімдеуді біледі;

4) Деректерді талдау және визуализация арқылы журналистік зерттеу жүргізуді үйренеді.

Пререквизиттер

Цифрлық медиа және жасанды интеллект Журналистикадағы маркетинг пен менеджмент, жарнама және PR

Постреквизиттер

Мультимедиялық журналистика & Видеоосторителлинг Медиа дизайн және графикалық дизайн

Заманауи баспасөз қызметі

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	2
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Бұл курста заманауи баспасөздің қызметі мен даму бағыттары ұсынылады. Пәнде онлайн басылымдардағы жазбалардың мақсаты мен міндеті айқындалып, сараптамалар жүргізіледі, цифрлық медианың дамуы және интернет-басылымдардың жұмыс істеу принциптері қарастырылады. Білім алушылар веб-редакцияның құрылымы, электронды баспасөздегі ақпаратты жинау, талдау және тарату үдерісіне белсене қатысып, контент өндірісі, аудиториямен өзара әрекеттесу тәсілдері, SEO (Search Engine Optimization), SMM (Social Media Marketing) және деректер журналистикасы негіздерімен танысады.

Пәнді оқыту мақсаты

Онлайн-басылымдардың құрылымы мен жұмыс принциптерін түсіндіру. Цифрлық медиада контент жасаудың әдістерін меңгерту. Веб-редакцияда жұмыс істеу дағдыларын дамыту. SEO, SMM және деректер журналистикасының негізгі құралдарын қолдануды үйрету арқылы «заманауи баспасөз» ұғымын меңгерту.

Оқыту нәтижелері

ON6 Ақпаратты анықтау және тарату, елдегі әлеуметтік-экономикалық жағдайды аналитикалық бағалау үшін SMM және PR коммуникация әдістерін пайдалану

ON9 Мультимедиялық талдау арқылы ақпарат алудың формалары мен әдістерін қолдану, мультимедиялық форматтарды веб-ресурстарға орналастыру

Пән бойынша оқыту нәтижелері

- 1)Онлайн- басылымдардың құрылымы мен редакциялық жұмысын түсінеді. Цифрлық медиада мультимедиялық контент жасауды меңгереді.
- 2) SEO, SMM және веб- аналитика құралдарын қолдана алады. Онлайн- платформаларда аудиториямен өзара әрекеттесудің тиімді әдістерін игереді.
- 3) Цифрлық медиа саласындағы жаңа трендтер мен технологияларды қолдана біледі.

Пререквизиттер

Заманауи әлемдік масс-медиа Журналистика тарихы

Постреквизиттер

Журналистік мәтін жазуда деректерді визуалдау Журналистік зерттеу

PR және бұқара коммуникациялары

Пән циклі	Бейіндеуші пәндер
Курс	2
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Курс қоғамдық қатынастар және бұқаралық коммуникация жүргізу саласындағы негізгі теориялық және практикалық дағдыларды игеруге бағытталған. PR стратегиялары, бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара әрекеттесу, дағдарыс жағдайындағы коммуникациялары, корпоративтік имидж және брендті қалыптастыру әдістері қарастырылады.

Медиамен жұмыс істеу және пресс- релиздер жазу сияқты тақырыптарды қамтиды. Сонымен қатар, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы тиімді қарым-қатынас жасау және қоғамдық пікірді басқару әдістері оқытылады.

Пәнді оқыту мақсаты

PR және бұқаралық коммуникацияның негізгі принциптері мен әдіс- тәсілдерін түсіндіру, сондай- ақ оларды медиа және қоғаммен тиімді қарым- қатынас орнатуда қолдану дағдыларын дамыту. Дағдарыс жағдайында PR акцияларын басқару, қоғаммен байланыс орнату және ұйымның имиджін басқару дағдыларын игерту.

Оқыту нәтижелері

ON1 Қоғамның қазіргі даму үрдістерін ескере отырып, әлеуметтік-мәдени, экономикалық-құқықтық, экологиялық білімдер мен коммуникативтік дағдыларды, ақпараттық технологияларды қолдану

ON6 Ақпаратты анықтау және тарату, елдегі әлеуметтік-экономикалық жағдайды аналитикалық бағалау үшін SMM және PR коммуникация әдістерін пайдалану

Пән бойынша оқыту нәтижелері

- 1) Медиамен және қоғаммен тиімді коммуникация жасау дағдыларын біледі;
- 2) Дағдарыс кезеңдеріндегі PR стратегияларын әзірлеуді және дағдарыстық коммуникацияларды басқаруды меңгергенді.
- 3) PR- акциялардың өнімділігін бағалау, аудиторияны зерттеу және мақсатты PR- жоспарларды құру дағдыларын қалыптастырады.

Пререквизиттер

Журналистикадағы маркетинг пен менеджмент, жарнама және PR Бұқаралық коммуникация тілі мен стилі: сөйлеу мәдениеті және редакциялау

Постреквизиттер

Спичрайтерлік сөйлеу техникасы Қоғаммен байланыс және имиджмейкинг

PR-ға кіріспе

Пән циклі	Бейіндеуші пәндер
Курс	2
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Пән PR саласына кіріспе ретінде ұсынылады. Білім алушылар қоғаммен байланыс, оның негізгі құралдары мен әдістері, PR-дың заманауи тенденциялары, медиа құралдарын пайдалану, стратегиялық коммуникацияларды ұйымдастыру, мақсатты аудиториямен қарым-қатынас орнату сияқты тақырыптармен танысады. Курста сонымен қатар, PR- ды басқару, дағдарыс жағдайларында тиімді коммуникация жасау және ақпараттық- насихаттау технологияларын меңгеру мәселелері қарастырылады.

Пәнді оқыту мақсаты

PR саласындағы негізгі ұғымдармен, әдістермен және технологиялармен таныстыру, қоғаммен тиімді байланыс орнатудың құралдарын үйрету. Стратегиялық коммуникацияларды жоспарлауға және жүзеге асыруға дайын болуға бағыттау, медиа және қоғаммен тиімді қарым-қатынас орнатудың дағдыларын қалыптастыру.

Оқыту нәтижелері

ON6 Ақпаратты анықтау және тарату, елдегі әлеуметтік-экономикалық жағдайды аналитикалық бағалау үшін SMM және PR коммуникация әдістерін пайдалану

ON8 Медиадағы әлеуметтік маркетинг, жалпы ережелері, медиаменеджерлерге арналған SMM қызметі жағдайларын пайдалану

Пән бойынша оқыту нәтижелері

- 1) PR саласының негізгі ұғымдарын түсінеді және оны журналистикада қолдану әдістерін біледі;
- 2) Медиа құралдарын және PR-дың тиімді әдістерін анықтай алады және оларды стратегиялық түрде қолданады;
- 3) Қоғамдық пікірді қалыптастыру және басқару үшін PR технологиясын қолдануды үйренеді.

Пререквизиттер

Журналистикадағы маркетинг пен менеджмент, жарнама және PR Бұқаралық коммуникация тілі мен стилі: сөйлеу мәдениеті

және редакциялау

Постреквизиттер

Спичрайтерлік сөйлеу техникасы Қоғаммен байланыс және имиджмейкинг PR және PR-брендинг Заманауи PR технологиялары

PR теориясы мен практикасы

Пән циклі	Бейіндеуші пәндер
Курс	2
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Пән қоғамдық қатынастардың негізгі теориялық негіздері және олардың практикалық қолданылу әдістерін зерттейді. Курста білім алушылар PR саласындағы негізгі ұғымдар мен тұжырымдамалар, PR-компаниялардың жоспарлауы мен жүзеге асырылуы, медиа және қоғаммен байланыс орнатудың тиімді стратегиялары туралы білім алады. Сондай-ақ, PR-стратегияларын әзірлеу, қоғаммен жұмыс істеу, ұйымдардың имиджін қалыптастыру және дағдарыстық жағдайларды басқару тәсілдері қарастырылады.

Пәнді оқыту мақсаты

PR саласындағы теориялық білім мен практикалық дағдыларды ұсыну, оларды кәсіби PR стратегияларын құру мен іске асыруда қолдануға үйрету. PR-компанияларды басқару, қоғаммен байланыс орнату, медиа құралдарымен жұмыс істеу және дағдарыс жағдайларын тиімді шешу дағдыларын қалыптастыру.

Оқыту нәтижелері

ON6 Ақпаратты анықтау және тарату, елдегі әлеуметтік-экономикалық жағдайды аналитикалық бағалау үшін SMM және PR коммуникация әдістерін пайдалану

Пән бойынша оқыту нәтижелері

- 1) PR-стратегияларын әзірлеу және іске асыру жолдарын меңгереді.
- 2) PR компанияларын жоспарлау және ұйымдастыру процесінде қолданылатын әдістер мен құралдарды біледі.
- 3) Жаңа медиа құралдары мен әлеуметтік желілерді PR мақсаттарында қолдану әдістерін түсінеді.

Пререквизиттер

Журналистикадағы маркетинг пен менеджмент, жарнама және PR Бұқаралық коммуникация тілі мен стилі: сөйлеу мәдениеті және редакциялау

Постреквизиттер

Спичрайтерлік сөйлеу техникасы Қоғаммен байланыс және имиджмейкинг PR және PR-брендинг Заманауи PR технологиялары

БАҚ-тағы Flash технологиялар

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	3
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Курс мультимедиялық контент жасау үшін қолданылатын Flash технологияларын зерттеуге арналған. Білім алушылар Flash бағдарламасында анимация, интерактивті графика және веб-қосымшаларды әзірлеу негіздерін үйренеді. Flash технологиясының медиада қолдану ерекшеліктерін түсініп, ActionScript бағдарламалау тілінің негіздерін меңгереді. Пәнді меңгеруде білім алушылар журналистика саласында интерактивті инфографика және веб-жарнамалар жасау дағдыларын дамытады. Курс мультимедиялық жобаларды жоспарлауға және жүзеге асыруға бағытталған.

Пәнді оқыту мақсаты

Flash технологиясы арқылы интерактивті мультимедиялық контент құру дағдыларын қалыптастыру. Flash анимациялары мен инфографика, веб-қосымшаларды жасау үшін ActionScript тілін үйрету.

Оқыту нәтижелері

ON6 Ақпаратты анықтау және тарату, елдегі әлеуметтік-экономикалық жағдайды аналитикалық бағалау үшін SMM және PR коммуникация әдістерін пайдалану

ON8 Медиадағы әлеуметтік маркетинг, жалпы ережелері, медиаменеджерлерге арналған SMM қызметі жағдайларын пайдалану

ON9 Мультимедиялық талдау арқылы ақпарат алудың формалары мен әдістерін қолдану, мультимедиялық форматтарды веб-ресурстарға орналастыру

Пән бойынша оқыту нәтижелері

- 1) Мультимедиялық журналистикадағы Flash технологиясының рөлін түсінеді;
- 2) Flash бағдарламасында графикалық нысандар мен анимациялар жасай алады;
- 3) ActionScript негізінде қарапайым интерактивті элементтерді қосу дағдыларын меңгереді;
- 4) Интерактивті инфографика мен медиажобаларды әзірлейді;
- 5) Flash жобаларын HTML5 және басқа заманауи платформаларға бейімдей алады.

Пререквизиттер

Телевизиялық өндіріс Конвергенттік журналистика негіздері

Постреквизиттер

Медиа дизайн және графикалық дизайн

Журналистік мәтін жазуда деректерді визуалдау

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	3
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Бұл курста үлкен көлемдегі ақпаратты анық әрі түсінікті түрде ұсыну әдістерін үйретеді. Пәнде сонымен қатар, деректерді визуализациялаудың негізгі принциптері, құралдары және әдістері қарастырылады. Білім алушылар интерактивті графика, инфографика және диаграммаларды құру дағдыларын үйренеді. Деректер журналистикасының негіздері, деректерді іздеу және талдау, деректерді өңдеу және тазарту, кросс-платформалық сторителлинг және инфографика, Python, Excel және Google Sheets сияқты құралдарды пайдалануды меңгереді.

Пәнді оқыту мақсаты

Журналистикадағы деректерді визуализациялау әдістерімен таныстыру және ақпаратты анық және нақты жеткізуге үйрету. Білім алушыларға дата журналистикасының негізгі қағидаларын түсіндіру; деректерді жинау, талдау және визуализациялау дағдыларын дамыту; журналистік зерттеуде деректерді тиімді пайдалану әдістерін үйрету; Фактчекинг және ашық дереккөздермен жұмыс істеу дағдыларын дамыту.

Оқыту нәтижелері

ON3 Журналистік материалдарды саралау мен дайындауда журналистика жанрлары мен формаларымен, ақпарат көздерімен жұмыс істеуге бейімдеу.

ON4 Дәстүрлі және жаңа медианың технологиялық мүмкіндіктері, баспа, радио, теледидар, интернет материалдары негізінде жаңа форматтарда журналистік өнім жасау.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

1) Деректерді визуалдаудың негізгі принциптерін түсінеді: деректерді графикалық түрде ұсыну тәсілдерін (диаграммалар, графиктер, инфографика) және олардың тиімділігін меңгереді;

2) Деректерді визуализациялау үшін арнайы бағдарламаларды (Excel, Tableau, Power BI, Google Data Studio және т.б.) қолданады;

3) Дизайн және эстетика принциптерін қолдануда визуализацияның көркемдік және функционалдық талаптарын ескере отырып, деректерді анық және ыңғайлы түрде ұсына алады.

Пререквизиттер

Конвергенттік журналистика негіздері Инновациялық публицистика

Постреквизиттер

Журналистің жеке стилі Авторлық бағдарламалар

Журналистік зерттеу

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	3
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Курста журналистік зерттеудің қоғамға тигізетін әсері, құқықтық және этикалық нормалар, заманауи технологияларды қолдану мәселелері қарастырылады. Журналистік зерттеудің әдістері мен принциптерін зерттеуге арналған бұл пәнде білімалушылар ақпаратты терең талдауға, дереккөздермен жұмыс істеуге, құжаттарды қарауға үйренеді, аналитикалық ойлауды дамытады. Курс білім алушыларды тәуелсіз ойлауға, сараптамалық талдау дағдыларын дамытуға және кәсіби зерттеу жүргізуге үйретеді.

Пәнді оқыту мақсаты

Журналистік зерттеудің теориялық негіздерін меңгеру. Ақпарат жинау, талдау және тексеру әдістерін үйрету. Құжаттар мен дереккөздермен жұмыс істеу дағдысын дамыту. Зерттеу журналистикасындағы құқықтық және этикалық нормаларды түсіндіру. Күрделі тақырыптар бойынша жан-жақты талдау жасауға дағдыландыру.

Оқыту нәтижелері

ON8 Медиадағы әлеуметтік маркетинг, жалпы ережелері, медиаменеджерлерге арналған SMM қызметі жағдайларын пайдалану

ON10 Деректер журналистикасындағы үлкен көлемдегі деректерді талдау, визуализация құралдарын пайдалану, әрбір жеке деректер элементінің мәнін ашу

Пән бойынша оқыту нәтижелері

1) Зерттеу әдісі ретінде журналистік зерттеудің негізгі ұғымдарын біледі; журналистік зерттеудегі журналистік жанрларды, журналистік зерттеу жүргізудің негізгі кезеңдерін игереді;

2) Үздік журналистік зерттеулерді негізге ала отырып, журналистік зерттеудің технологиясын түсінеді;

3) Журналистік зерттеулердегі авторлық бағалау мен ақпараттарды беру, жанрлық ерекшеліктерін ескере отырып, журналистік зерттеу жүргізе алады.

Пререквизиттер

Жаңалық және ойлау технологиялары / жаңалықтар фабрикасы Журналистиканың құқықтық негіздері және медиасауаттылық

Постреквизиттер

Журналистің жеке стилі Ғылыми медиажурналистика

Медианарық мониторингі

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	3
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Курс медианарықты зерттеу әдістерін, БАҚ рейтингтері мен нарықтық трендтерді талдауды, цифрлық медиадағы аналитика құралдарын пайдалануды үйретеді. Курста білім алушылар заманауи медиа саласының құрылымымен, оның даму тенденцияларымен, аудитория сұранысы және ақпараттық контенттің таралуымен танысады. Пән журналистерге медианарықты кәсіби деңгейде талдауға және сапалы контент әзірлеуге көмектеседі. Сонымен қатар, медиаконтентті сараптау, мониторинг платформалары мен аналитикалық бағдарламалар туралы қарастырылады.

Пәнді оқыту мақсаты

Пәннің мақсаты – журналистика саласындағы медианарықтың құрылымын, оның даму тенденцияларын және ақпараттық кеңістіктегі өзгерістер динамикасын зерттеу. Студенттерді медиа аудиториясын талдау әдістеріне, нарықтық бәсекелестікке және контентті таратуға үйрету.

Оқыту нәтижелері

ON1 Қоғамның қазіргі даму үрдістерін ескере отырып, әлеуметтік-мәдени, экономикалық-құқықтық, экологиялық білімдер мен коммуникативтік дағдыларды, ақпараттық технологияларды қолдану

ON3 Журналистік материалдарды саралау мен дайындауда журналистика жанрлары мен формаларымен, ақпарат көздерімен жұмыс істеуге бейімдеу.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

1) Медианарықтың құрылымын, негізгі субъектілерін, медиа саласының даму бағыттарын түсінеді;

2) Аудиторияны зерттеу, БАҚ рейтингтерін талдау және нарықтық сұранысты бағалау әдістерін қолдануды біледі;

3) Медиа мониторинг және аналитика құралдарымен (Google Analytics, Similar Web, Media Metrics, Media scope) жұмыс істеуге дағдыланады;

4) Медиадағы бәсекелестік ортаны зерттеп, медиа-стратегиялар әзірлеуге бейімделеді.

Пререквизиттер

Жаңалық және ойлау технологиялары / жаңалықтар фабрикасы Журналистиканың құқықтық негіздері және медиасауаттылық

Постреквизиттер

Журналистің жеке стилі Ғылыми медиажурналистика

Мультимедиалық журналистика

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	3
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Пән қазіргі заманғы цифрлық медиа кеңістігінде ақпарат тарату тәсілдерін үйрететін, журналистиканың заманауи формаларын меңгеруге бағытталған. Сондай-ақ, мультимедиа платформалары: сайт, әлеуметтік желі, YouTube, подкаст, сторителлинг: оқиғаны бейнелі әрі тартымды жеткізу тәсілдері, фото және видео түсіру негіздері, аудио-журналистика (подкаст, сұхбат жазу, монтаж), интерактивті контент: инфографика, карта, слайдшоу жасау, цифрлық құралдар туралы, жылдам ақпарат тарату және мобильді репортаж, этикалық және құқықтық аспектілер туралы қарастырылады.

Пәнді оқыту мақсаты

Білім алушыларға мәтін, фото, видео, аудио және графика элементтерін біріктіріп, мультимедиалық форматта жаңалық немесе оқиға ұсынуды үйрету.

Оқыту нәтижелері

ON6 Ақпаратты анықтау және тарату, елдегі әлеуметтік-экономикалық жағдайды аналитикалық бағалау үшін SMM және PR коммуникация әдістерін пайдалану

ON7 Отандық медиа индустрияның проблемалары, БАҚ тұрақтылығы көрсеткіштері, БАҚ тұтынуындағы өзгерістер, медиабизнесінің бөлігі ретінде блогосфераның пайда болу жағдайына бейімдеу

ON9 Мультимедиалық талдау арқылы ақпарат алудың формалары мен әдістерін қолдану, мультимедиялық форматтарды веб-ресурстарға орналастыру

Пән бойынша оқыту нәтижелері

1) мультимедиалық жаңалық пакетін жасай алады;

2) бірнеше медиаформатты біріктіріп, оқырман назарын аудара алатын контент жасайды және заманауи цифрлық құралдармен жұмыс істей біледі;

әлеуметтік желілер мен сайтқа лайықталған медиаконтент әзірлей алады.

Пререквизиттер

Қазіргі журналистиканың жанрлық түрлері мен қызметі

Постреквизиттер

БББ базалық және бейіндеуші пәндері

Мультимедиялық журналистика & Видеосторителлинг

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	3
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Курсты оқу барысында білім алушылар мәтінді, фотосуреттерді, аудио, бейне және графикалық элементтерді біріктіре отырып, жан-жақты журналистік материалдарды дайындауды меңгереді. Пәнді оқытуда мультимедиялық журналистиканың негізгі принциптерін түсіндіреді және журналистикадағы инновациялық технологиялар мен трендтерді қарастырады. Білім алушылар сторителлинг негіздері – оқиға құрудың құрылымын (басталуы, шиеленісу, шарықтау шегі, шешімі), инфографика жасау – ақпаратты графикалық түрде беру, визуалды нарратив – визуал арқылы оқиға айту тәсілдерін т.б. үйренеді.

Пәнді оқыту мақсаты

Мультимедиялық контент құрудың заманауи әдістерін үйрету және цифрлық журналистикаға бейімделуге көмектесу. Курс студенттерге мәтін, фотосурет, видео, аудио және инфографика элементтерін біріктіру арқылы аудитория үшін тартымды контент жасау тәсілдері меңгеріледі.

Видеосторителлингтің негіздерін, құрылымын, визуалды тіл және кадрлаудың тиімді әдістерін меңгерту арқылы аудиториямен терең байланыс орнату дағдыларын дамыту.

Оқыту нәтижелері

ON6 Ақпаратты анықтау және тарату, елдегі әлеуметтік-экономикалық жағдайды аналитикалық бағалау үшін SMM және PR коммуникация әдістерін пайдалану

ON7 Отандық медиа индустрияның проблемалары, БАҚ тұрақтылығы көрсеткіштері, БАҚ тұтынуындағы өзгерістер, медиабизнестің бөлігі ретінде блогосфераның пайда болу жағдайына бейімдеу

ON9 Мультимедиялық талдау арқылы ақпарат алудың формалары мен әдістерін қолдану, мультимедиялық форматтарды веб-ресурстарға орналастыру

Пән бойынша оқыту нәтижелері

1) Мультимедиялық журналистиканың негізгі қағидаларын түсінеді;

2) Мультимедиялық сторителлинг әдістерін қолдануды игереді;

3) Мультимедиялық материалдарды өңдеу және монтаждау құралдарын меңгереді (Adobe Premiere Pro, Photoshop, Canva, Audacity және т.б.);

4) Видеосторителлингтің нақты жобаларын жасап, оқиғаларды тиімді әрі қызықты бейнеконтентке айналдыруға дағдыланады.

Пререквизиттер

Конвергенттік журналистика негіздері

Постреквизиттер

Медиа дизайн және графикалық дизайн

Журналистикадағы тәсілдер мен трендтер

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	3
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Бұл пәнде білім алушыларға қазіргі журналистикада қолданылатын әдіс-тәсілдерді (зерттеу, сараптамалық, мобильді, цифрлық журналистика және т.б.) және жаңа медиатеchnологиялардың дамуынан туындаған трендтерді (подкастинг, SMM, деректер журналистикасы, мультимедиа форматтар) талдайды. Сондай-ақ аудитория сұранысына сай контент жасау ерекшеліктері үйретіледі.

Пән білім алушыларға жаһандық және жергілікті медиатрендтерді, журналистиканың заманауи тәсілдерін меңгеруге мүмкіндік береді.

Пәнді оқыту мақсаты

Журналистиканың заманауи бағыттарын, әдіс-тәсілдерін үйрету. Цифрлық дәуірге бейімделген кәсіби дағдылар қалыптастыру. Отандық және әлемдік медиатрендтерді саралай отырып, шығармашылықпен жұмыс істеу қабілетін дамыту.

Оқыту нәтижелері

ON4 Дәстүрлі және жаңа медианың технологиялық мүмкіндіктері, баспа, радио, теледидар, интернет материалдары негізінде жаңа форматтарда журналистік өнім жасау.

ON10 Деректер журналистикасындағы үлкен көлемдегі деректерді талдау, визуализация құралдарын пайдалану, әрбір жеке деректер элементінің мәнін ашу

Пән бойынша оқыту нәтижелері

1) түрлі журналистік жанрларда заманауи тәсілдермен жұмыс істеуді біледі;

2) жаңа медиа форматтарға лайық контент жасауда дағдыларын қолданады;

3) аудиториямен креативті және интерактивті байланыс орнату әдістерін біледі.

Пререквизиттер

Қазіргі журналистиканың жанрлық түрлері мен қызметі

Постреквизиттер

БББ базалық және бейіндеуші пәндері

Журналистік материалдарды жазу практикумы

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	3
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Курс білім алушылардың жазу дағдыларын дамытуға, кәсіби стандарттарға сәйкес жазу шеберліктерін қалыптастыруға бағытталған. Курста жаңалық жазу тәжірибесі – қысқа, нақты, құрылымы дұрыс жаңалық мәтіндерін жазу; сұхбат алу – сұрақ қою техникасы, сұхбатты стенограммаға түсіру және өңдеу; оқиға орнынан репортаж жазу, атмосфераны жеткізу тәсілдері, редакциялау және өзін-өзі өңдеу дағдылары – мәтінді грамматикалық, стилистикалық тұрғыдан түзету, мультимедиялық контентпен жұмыс – мәтінді фото, видео, инфографикамен толықтыру, т.б. үйретіледі.

Пәнді оқыту мақсаты

Журналистік материалдарды жазудың теориялық және практикалық аспектілерін үйрету. Жазу дағдыларын жетілдіру арқылы студенттерді ақпараттық-сараптамалық жұмыстарға, сондай-ақ түрлі жанрдағы журналистік шығармашылыққа дайындау.

Оқыту нәтижелері

ON3 Журналистік материалдарды саралау мен дайындауда журналистика жанрлары мен формаларымен, ақпарат көздерімен жұмыс істеуге бейімдеу.

ON4 Дәстүрлі және жаңа медианың технологиялық мүмкіндіктері, баспа, радио, теледидар, интернет материалдары негізінде жаңа форматтарда журналистік өнім жасау.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

1) Түрлі публицистикалық жанрларды, олардың құрылымдарын (жаңалықтар, репортаждар, аналитикалық мақалалар, сұхбаттар және т.б.) түсінеді;

2) Публицистикалық материалдардың дұрыс құрылымы мен стилін түсініп, кәсіби талаптарға сай жазуды біледі;

3) Нақты және шынайы ақпарат беру дағдыларын түсінеді; публицистикалық материалдарды талдап, өз ойын анық әрі логикалық түрде жеткізеді.

Пререквизиттер

Постреквизиттер

Журналистің жеке стилі Авторлық бағдарламалар

Медиаментінді тану және интерпретациялау

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	3
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Пән медиаконтент түрлері мен жанрларын, олардың құрылымын және негізгі элементтерін зерттеуге бағытталған. Пәнде мәтіндер мен бейнеконтенттерді (баспасөз материалдары, телевизиялық хабарлар, әлеуметтік медиа посттары, жарнамалар, блог жазбалары, репортаждар) талдау әдістері, мәтіндердің аудиторияға әсері және коммуникативтік функциялары қарастырылады. Білім алушылар медиаментіндердің мағынасы мен құрылымын терең түсініп, оларды нақты контексте дұрыс интерпретациялау дағдыларын меңгереді.

Пәнді оқыту мақсаты

Медиаментіндердің түрлері мен жанрларын, құрылымдық ерекшеліктерін түсініп, аудиторияға әсерін ескере отырып талдау және интерпретациялау дағдыларын қалыптастыру, сондай-ақ заманауи коммуникациялық әдістермен медиаконтентті тиімді жеткізу дағдыларын дамыту.

Оқыту нәтижелері

ON3 Журналистік материалдарды саралау мен дайындауда журналистика жанрлары мен формаларымен, ақпарат көздерімен жұмыс істеуге бейімдеу.

ON4 Дәстүрлі және жаңа медианың технологиялық мүмкіндіктері, баспа, радио, теледидар, интернет материалдары негізінде жаңа форматтарда журналистік өнім жасау.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

- 1) Медиаментіндердің түрлері мен жанрларын біледі;
- 2) Медиаконтентті аудиторияға әсерін ескере отырып талдап, қолданады;
- 3) Медиаментіндердің құрылымын және контекстін түсініп, заманауи тәсілдермен интерпретациялайды.

Пререквизиттер

Қазіргі журналистиканың жанрлық түрлері мен қызметі

Постреквизиттер

БББ базалық және бейіндеуші пәндері

Аймақтық зерттеу журналистикасы

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	3
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Пән аймақтық деңгейдегі әлеуметтік, экономикалық, экологиялық, саяси және мәдени мәселелерді зерттеу тәсілдерін үйретеді. Білім алушылар аймақтық медиа кеңістіктегі жаңалықтар мен оқиғаларды талдап, маңызды ақпаратты сауатты жеткізу дағдыларын меңгереді. Курста деректерді жинау мен талдау, интервью мен сауалнама жүргізу, құжаттық және кешенді зерттеу әдістерін қолдану қарастырылады. Сондай-ақ аймақтық медиа нарығы мен жергілікті қоғамдастықтағы өзекті мәселелерді терең зерттеу үйретіледі.

Пәнді оқыту мақсаты

Аймақтық деңгейде журналистік зерттеу жүргізудің теориялық негіздері мен практикалық дағдыларына үйрету; өңірлік мәселелерді анықтап, оларды жан-жақты талдай отырып, қоғамға сапалы әрі дәлелді ақпарат ұсыну қабілетін қалыптастыру.

Оқыту нәтижелері

ON2 Журналистік материал дайындауда құқықтық және этикалық ережелер мен медиа ақпараттық сауаттылықтың негізгі қағидаларын пайдалану

ON10 Деректер журналистикасындағы үлкен көлемдегі деректерді талдау, визуализация құралдарын пайдалану, әрбір жеке деректер элементінің мәнін ашу

Пән бойынша оқыту нәтижелері

- 1) Аймақтық мәселелерді анықтап, оларды журналистік зерттеу объектісі ретінде талдай алады;
- 2) Жергілікті деңгейдегі ақпарат көздерімен жұмыс істеп, деректерді жинау, сұхбат алу және құжаттық зерттеу әдістерін тиімді қолданады;
- 3) Өңірлік жаңалықтар мен зерттеу нәтижелерін аудиторияға түсінікті әрі сенімді түрде ұсынудың кәсіби тәсілдерін меңгереді.

Пререквизиттер

Жаңалық және ойлау технологиялары / жаңалықтар фабрикасы Журналистиканың құқықтық негіздері және медиасауаттылық

Постреквизиттер

Журналистің жеке стилі Ғылыми медиажурналистика

PR-мәтіндерін редакциялау

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	3
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Қоғамдық байланыстар саласындағы мәтіндерді талдау және олардың тиімділігін бағалау дағдыларын дамытуға бағытталған.

Пәнде медиа және PR мәтіндерінің ерекшеліктері, аудиторияға әсер ету әдістері, ақпараттың маңыздылығын арттыру үшін тілдік құралдарды қолдану мәселелері қарастырылады. Білім алушылар түрлі PR-материалдарды (баспасөз хабарламалары, интервьюлер, жарнамалық буклеттер, әлеуметтік медиа посттары, кейс-стадилер және т.б.) талдап, олардың қоғамдық қабылдауға қалай әсер ететінін зерттейді.

Пәнді оқыту мақсаты

PR-материалдарды талдау және олардың тиімділігін бағалау дағдыларын қалыптастырып, медиа және қоғамдық байланыстар саласындағы коммуникация стратегияларын құруға қажетті теориялық және практикалық білім беру.

Оқыту нәтижелері

ON6 Ақпаратты анықтау және тарату, елдегі әлеуметтік-экономикалық жағдайды аналитикалық бағалау үшін SMM және PR коммуникация әдістерін пайдалану

ON9 Мультимедиялық талдау арқылы ақпарат алудың формалары мен әдістерін қолдану, мультимедиялық форматтарды веб-ресурстарға орналастыру

Пән бойынша оқыту нәтижелері

- 1) PR-материалдардың түрлерін біледі және олардың аудиторияға әсерін түсінеді;
- 2) Медиа құралдарында ақпаратты тиімді жеткізу әдістерін қолданады;
- 3) PR-материалдарын талдап, жазуды үйренеді және олардың қоғамдық қабылдауға ықпалын біледі.

Пререквизиттер

Конвергенттік журналистика негіздері Инновациялық публицистика

Постреквизиттер

Журналистің жеке стилі Авторлық бағдарламалар

Сторителлинг және визуалды журналистика

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	3
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Пәнде білім алушылар оқиғаны креативті әрі әсерлі түрде баяндаудың әдістерін меңгереді. Журналистикада сторителлинг әдістері мен визуалды құралдарды қолдану тәсілдерін, түрлі оқиғаларды, идеялар және ақпаратты тартымды әрі көрнекі түрде жеткізуді үйренеді. Пәнде мәтін мен бейнеконтенттің үйлесімі, инфографика, фотосуреттер, видеоматериалдар, мультимедиа және басқа да визуалды элементтер арқылы оқырманға немесе көрерменге әсер ету жолдары қарастырылады. Сторителлингтің негізгі принциптері мен техникалары қарастырылады.

Пәнді оқыту мақсаты

Сторителлинг және визуалды журналистиканың негізгі дағдылары мен әдістерін үйрету, мәтіндік және визуалды құралдарды пайдалана отырып, оқиғаларды тартымды түрде баяндауды меңгерту.

Оқыту нәтижелері

ON9 Мультимедиялық талдау арқылы ақпарат алудың формалары мен әдістерін қолдану, мультимедиялық форматтарды веб-ресурстарға орналастыру

ON10 Деректер журналистикасындағы үлкен көлемдегі деректерді талдау, визуализация құралдарын пайдалану, әрбір жеке деректер элементінің мәнін ашу

Пән бойынша оқыту нәтижелері

- 1) Сторителлинг және визуалды құралдарды пайдалана отырып, ақпаратты қызықты және тартымды түрде жеткізе біледі.
2. Визуалды контент (фото, видео, инфографика) пен мәтінді үйлесімді біріктіріп, мультимедиялық жобалар жасауға дағдыланады.

Пререквизиттер

Телевизиялық өндіріс Конвергенттік журналистика негіздері

Постреквизиттер

Медиа дизайн және графикалық дизайн

PR және спичрайтинг

Пән циклі	Бейіндеуші пәндер
Курс	3
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Курс PR және спичрайтинг (сөйлеу мәтіндерін жазу) саласындағы негізгі ұғымдар мен әдістерді қарастырады. Қоғаммен тиімді қарым-қатынас жасау үшін қолданылатын стратегиялық коммуникациялар мен PR құралдарын меңгертеді. Білім алушылар спичрайтинг негіздері, мемлекеттік және қоғамдық тұлғаларға арналған сөздерді жазу, сөз сөйлеу стильдері мен техникалары, тыңдаушылармен өзара әрекеттесу туралы практикалық дағдылар қалыптастырылатын болады. Білім алушылар қоғамдық пікірді қалыптастыру және басқару үшін сөз сөйлеудің күшін тиімді пайдалануы үйренеді.

Пәнді оқыту мақсаты

PR және спичрайтинг саласында кәсіби дағдыларды игеруі, медиа және қоғаммен байланыс орнатуда тиімді сөз сөйлеулер мен хабарламаларды жазу дағдыларын қалыптастыру. Қоғамдық пікірді басқару және аудиториямен дұрыс коммуникация орнату үшін PR құралдарын қолдану тәсілдері мен спичрайтингтің тиімді әдістерін үйрету.

Оқыту нәтижелері

ON4 Дәстүрлі және жаңа медианың технологиялық мүмкіндіктері, баспа, радио, теледидар, интернет материалдары негізінде жаңа форматтарда журналистік өнім жасау.

ON6 Ақпаратты анықтау және тарату, елдегі әлеуметтік-экономикалық жағдайды аналитикалық бағалау үшін SMM және PR коммуникация әдістерін пайдалану

Пән бойынша оқыту нәтижелері

- 1) PR және спичрайтинг саласындағы негізгі теориялар мен әдістерді меңгереді.
- 2) Спичрайтингтің негіздерін түсініп, қоғамдық тұлғаларға арналған кәсіби сөздерді жаза алады.
- 3) PR науқандарын жоспарлау және жүзеге асыру кезінде коммуникацияның әртүрлі формаларын (сөйлеу, хабарлама, пресс-релиз және т.б.) тиімді пайдалануға дайын болады.

Пререквизиттер

Цифрлық медиа және жасанды интеллект Бұқаралық коммуникация тілі мен стилі: сөйлеу мәдениеті және редакциялау

Постреквизиттер

Ақпараттық соғыс Авторлық бағдарламалар

Блог жүргізу және PR мәтіндерін жазу

Пән циклі	Бейіндеуші пәндер
Курс	3
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Бұл пәнде білімалушылар журналист- блогер жұмысының шығармашылық әдіс- тәсілдері мен принциптерін игереді. Курс блогосфераның ерекшелігі мен журналистиканың осы жаңа бағыты туралы практикалық білім туралы түсінік береді. Білім алушылар блогосфераға тән негізгі типологиялық сипаттамаларды меңгереді, блогосферада қолданылатын материалдарды құруды үйренеді, интернет- кеңістікте өз блогтарын жүргізу дағдыларын меңгереді. Білім алушылар PR мәтіндерінің ерекшеліктері: пресс-релиз жазу тәртібі, жарнама мен PR мәтіндерінің айырмашылығы, тақырып қою әдістерімен танысады.

Пәнді оқыту мақсаты

Кәсіби блог жүргізу дағдыларын алу үшін қажетті журналистік практиканың әртүрлі технологиялық тәсілдерін меңгерту.

Оқыту нәтижелері

ON6 Ақпаратты анықтау және тарату, елдегі әлеуметтік-экономикалық жағдайды аналитикалық бағалау үшін SMM және PR коммуникация әдістерін пайдалану

ON7 Отандық медиа индустрияның проблемалары, БАҚ тұрақтылығы көрсеткіштері, БАҚ тұтынудағы өзгерістер, медиабизнесінің бөлігі ретінде блогосфераның пайда болу жағдайына бейімдеу

Пән бойынша оқыту нәтижелері

- 1) Блогосфера ерекшелігін қолдану, қажетті ақпаратты өңдеу және трансляциялау тәсілдерін біледі;
- 2) Жаңа медиа мүмкіндіктерін бағытталған заманауи медиа кеңістікте қолдану процестерін түсінеді.

Пререквизиттер

Жаңалық және ойлау технологиялары / жаңалықтар фабрикасы Конвергенттік журналистика негіздері

Постреквизиттер

Data-журналистика SMM нарығы

Дағдарыстық PR

Пән циклі	Бейіндеуші пәндер
Курс	3
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Курс ақпараттық технологиялардың, жаһандық телекоммуникациялардың қарқынды дамуы барлық әлеуметтік-экономикалық жүйелерді басқарудағы PR-дың өзекті маңыздылығын және қоғаммен байланыс дағдыларын меңгерген білікті мамандарды практикалық даярлау қажеттілігін айқындайтынын қарастырады. Пәнде дағдарыстарды болжауға, оларға дайындалуға, олар туындаған жағдайда дұрыс әрекет етуге, кейіннен ұйымның беделін қалпына келтіруге көмектесу жолдары қарастырылады. Білім алушылар дағдарыс деген не, оның түрлері мен себептерін, дағдарыстың алдын алу т.б. әдістерімен танысады.

Пәнді оқыту мақсаты

Пәннің мақсаты – дағдарыстық қоғаммен байланыс саласындағы біліктілік пен кәсібилікке қойылатын нақты талаптарға сәйкес маман даярлау.

Оқыту нәтижелері

ON6 Ақпаратты анықтау және тарату, елдегі әлеуметтік-экономикалық жағдайды аналитикалық бағалау үшін SMM және PR коммуникация әдістерін пайдалану

Пән бойынша оқыту нәтижелері

- 1) Қоғамдық пікірді басқарудың ұғымдық аппаратын, принциптері мен әдістерін біледі;
 - 2) Ақпараттық стратегияны құрастыра біледі;
- Кәсіби коммуникация саласында PR-әсер ету дағдысының қолданады.

Пререквизиттер

Жаңалық және ойлау технологиялары / жаңалықтар фабрикасы Конвергенттік журналистика негіздері

Постреквизиттер

Data-журналистика SMM нарығы

PR және баспасөз қызметінде кәсіби жұмыс дағдылары

Пән циклі	Бейіндеуші пәндер
Курс	3
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Пән негізінен білім алушыларға қоғаммен байланыс және баспасөз қызметі саласында кәсіби жұмыс істеу үшін қажетті негізгі дағдыларды меңгертуге бағытталған. Ақпараттық технологиялардың, жаһандық телекоммуникациялардың қарқынды дамуы

барлық әлеуметтік-экономикалық жүйелерді басқарудағы PR-дың маңыздылығын және қоғаммен байланыс дағдыларын меңгерген білікті мамандарды практикалық даярлау қажеттілігін анықтайды. Ұйымның мақсаттарына, типологиясына және құрылымына байланысты осы іс-әрекеттегі тәсілдерді ажыра білуді үйретеді.

Пәнді оқыту мақсаты

Мемлекеттік және коммерциялық құрылымдарда public relations саласындағы біліктілік пен кәсіпқойлыққа қойылатын өзекті талаптарға сәйкес маман даярлау.

Оқыту нәтижелері

ON6 Ақпаратты анықтау және тарату, елдегі әлеуметтік-экономикалық жағдайды аналитикалық бағалау үшін SMM және PR коммуникация әдістерін пайдалану

ON8 Медиадағы әлеуметтік маркетинг, жалпы ережелері, медиаменеджерлерге арналған SMM қызметі жағдайларын пайдалану

Пән бойынша оқыту нәтижелері

1)Public relations әлеуметтік-тұлғалық, кәсіби және аспаптық құзыреттілігі шеңберінде осы пәнді оқытудың қойылған міндеттеріне сәйкес негіздерді меңгереді;

2)Әртүрлі ұйымдардағы қоғамдық қатынастардың ұйымдастырушылық формаларын басқара алады;

3)Ұйымның типологиясына, құрылымына және саясатына байланысты коммуникативтік оқиғаларды ұйымдастыруа біледі.

Пререквизиттер

Жаңалық және ойлау технологиялары / жаңалықтар фабрикасы Конвергенттік журналистика негіздері

Постреквизиттер

Data-журналистика SMM нарығы

Спичрайтерлік сөйлеу техникасы

Пән циклі	Бейіндеуші пәндер
Курс	3
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Пән журналистика саласында кәсіби сөйлеу мәдениетін қалыптастыруға бағытталған. Бұл курста білім алушылар ресми, бейресми және қоғамдық мәтіндердің жазылуын, спичрайтерлік стиль ерекшеліктерін, сөйлеу құрылымын дұрыс құру және мазмұнға қойылатын талаптарды үйренеді. Нақты ақпарат беру әдістерін қарастырады. Сондай-ақ, әртүрлі коммуникативті жағдайларда мазмұнды, әсерлі және сенімді сөз дайындау, сөйлеу тілі мен стилін қалыптастыру, импровизация, сахна мәдениеті дағдыларын дамытады.

Пәнді оқыту мақсаты

Спичрайтингтің қажетті жанрлық модельдерін игеру, сондай-ақ спичрайтинг мәтінін құрудың практикалық дағдыларын игеру. Көпшілік алдында сөйлеу дағдыларын қалыптастыру. Қысқа, нақты және әсерлі мәтіндер дайындауды үйрету.

Оқыту нәтижелері

ON3 Журналистік материалдарды саралау мен дайындауда журналистика жанрлары мен формаларымен, ақпарат көздерімен жұмыс істеуге бейімдеу.

ON4 Дәстүрлі және жаңа медианың технологиялық мүмкіндіктері, баспа, радио, теледидар, интернет материалдары негізінде жаңа форматтарда журналистік өнім жасау.

ON7 Отандық медиа индустрияның проблемалары, БАҚ тұрақтылығы көрсеткіштері, БАҚ тұтынуындағы өзгерістер, медиабизнесінің бөлігі ретінде блогосфераның пайда болу жағдайына бейімдеу

Пән бойынша оқыту нәтижелері

1) Сөйлеу құрылымы мен мазмұнын дұрыс қолдана біледі. Тыңдаушылардың назарын аудару тәсілдерін меңгереді;

2) Спичрайтингте риторика, стиль, логика және эмоцияны сөйлеуде тиімді қолданады;

3) Әртүрлі аудиториялар үшін мазмұнды, әсерлі баяндамалар жазуды біледі.

Пререквизиттер

Цифрлық медиа және жасанды интеллект Бұқаралық коммуникация тілі мен стилі: сөйлеу мәдениеті және редакциялау

Постреквизиттер

Ақпараттық соғыс Авторлық бағдарламалар

Дыбыс жазу мен өңдеудегі цифрлы технологиялар

Пән циклі	Бейіндеуші пәндер
Курс	3
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Пән дыбыс жазу мен өңдеуде қолданылатын заманауи цифрлық технологиялар туралы білім береді. Білім алушылар дыбыс жазудың негізгі әдістерін, өңдеу принциптерін және цифрлық дыбыспен жұмыс істеуге арналған бағдарламалық құралдарды меңгереді. Журналистикада қолданылатын цифрлық аудиотехнологиялармен танысады. Радиохабарлар мен подкасттар жасау үшін дыбыс сапасын жақсарту әдістері, цифрлы дыбыс форматтары, студиялық жазба жасау, анимация, кино индустриясындағы дыбыс жазу ерекшеліктері қарастырылады.

Пәнді оқыту мақсаты

Дыбысты жазу, өңдеу және постпродакциялаудың заманауи цифрлық технологияларына үйрету. Радио және подкастинг саласында сапалы аудиоконтент жасау дағдыларын қалыптастыру. Цифрлық аудиотехнологиялар мен бағдарламалық қамтамасыз етуді пайдалану дағдыларын қалыптастыру.

Оқыту нәтижелері

ON4 Дәстүрлі және жаңа медианың технологиялық мүмкіндіктері, баспа, радио, теледидар, интернет материалдары негізінде жаңа форматтарда журналистік өнім жасау.

ON7 Отандық медиа индустрияның проблемалары, БАҚ тұрақтылығы көрсеткіштері, БАҚ тұтынуындағы өзгерістер,

медиабизнесінің бөлігі ретінде блогосфераның пайда болу жағдайына бейімдеу

Пән бойынша оқыту нәтижелері

1)Дыбыс жазу мен өңдеудің негізгі принциптерін түсінеді;

2)Дыбыс сапасына әсер ететін факторларды біледі және оларды реттей алады, журналистикада қолданылатын аудиожазу құрылғыларымен жұмыс жасауды біледі;

3)Adobe Audition, Audacity және Pro Tools сияқты бағдарламаларда дыбысты өңдеу және өңдеуді үйренеді.

Пререквизиттер

Цифрлық медиа және жасанды интеллект Бұқаралық коммуникация тілі мен стилі: сөйлеу мәдениеті және редакциялау

Постреквизиттер

Ақпараттық соғыс Авторлық бағдарламалар

Көрнекі журналистика

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	3
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Курс журналистикада көрнекі элементтердің рөлін, визуалды контенттің маңыздылығын және оның аудиториямен байланыс орнатудағы әсерін меңгертеді. Ақпаратты тартымды ұсыну үшін көрнекі құралдарды қолдану әдістері мен техникалары оқытылады. Визуалды журналистиканың құралдары: фото, инфографика және бейне; мәтін мен бейненің үндестігі: ақпаратты визуалды жеткізудің тиімді тәсілдері үйретіледі. Пәнде білім алушыларға фотосуреттер, видеоматериалдар, инфографика, анимациялар, басқа визуалды элементтер арқылы жаңалықтарды, оқиғаларды қалай жеткізге болатыны түсіндіріледі.

Пәнді оқыту мақсаты

Көрнекті журналистика негіздерін, визуалды контент жасау, көрнекі журналистиканы ақпаратты жеткізуде тиімді қолдануды үйрету. Көрнекі құралдарды аудиторияға әсерлі әрі түсінікті түрде ұсынуды дамыту.

Оқыту нәтижелері

ON9 Мультимедиялық талдау арқылы ақпарат алудың формалары мен әдістерін қолдану, мультимедиялық форматтарды веб-ресурстарға орналастыру

ON10 Деректер журналистикасындағы үлкен көлемдегі деректерді талдау, визуализация құралдарын пайдалану, әрбір жеке деректер элементінің мәнін ашу

Пән бойынша оқыту нәтижелері

1) Көрнекі контент құру және оны ақпараттық мақсатта пайдалану дағдыларын игереді;

2) Фотосуреттер, бейнеконтент, инфографика және басқа визуалды элементтер арқылы оқиғаларды немесе идеяларды ұсыну мүмкіндігіне ие болады.

Пререквизиттер

Журналистік мәтін жазуда деректерді визуалдау Мультимедиялық журналистика & Видеосторителлинг

Постреквизиттер

Журналистің жеке стилі Медиабизнесі ұйымдастыру теориясы мен практикасы

Дизайн және басылымды безендіру

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	3
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Курс басылым макетін визуалды безендіру және дизайн жасау негіздерін үйретеді. Басылымның сыртқы түрін, құрылымын, графикалық элементтерді пайдалану, түстердің, шрифттер мен макеттердің үйлесімін түсіну, тиімді дизайн принциптерін игеру ұсынылады. Басылымдардың стилі мен эстетикалық көрінісін қалыптастыруға бағытталған практикалық дағдылар мен әдістер қарастырылады. Білім алушылар басылым өнімдерінің графикалық дизайн негіздері, шрифт және және типография: мәтінмен жұмыс істеу әдістерін үйренеді.

Пәнді оқыту мақсаты

Басылымды тиімді безендіру мен дизайн жасаудың негіздерін үйрету, басылымдағы визуалды элементтердің әсерін түсіндіру, эстетикалық және функционалдық тұрғыдан дұрыс шешімдер қабылдау дағдыларын дамыту.

Оқыту нәтижелері

ON4 Дәстүрлі және жаңа медианың технологиялық мүмкіндіктері, баспа, радио, теледидар, интернет материалдары негізінде жаңа форматтарда журналистік өнім жасау.

ON7 Отандық медиа индустрияның проблемалары, БАҚ тұрақтылығы көрсеткіштері, БАҚ тұтынуындағы өзгерістер, медиабизнесінің бөлігі ретінде блогосфераның пайда болу жағдайына бейімдеу

Пән бойынша оқыту нәтижелері

1) Басылымды безендіру үшін дизайнда қолданылатын негізгі принциптер мен әдістерді қолданады;

2) Басылымды безендіруде макет пен композиция құру дағдыларын игереді;

3) Басылымдарды эстетикалық жағынан безендіру, ақпаратты анық, тартымды ету мүмкіндігін игереді.

Пререквизиттер

Журналистік мәтін жазуда деректерді визуалдау Мультимедиялық журналистика & Видеосторителлинг

Постреквизиттер

Журналистің жеке стилі Медиабизнесі ұйымдастыру теориясы мен практикасы

Инфографика және визуальды коммуникация

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	3

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Пән ақпаратты көрнекі түрде ұсынудың заманауи әдістері мен құралдарын зерттейді. Бұл пән графикалық дизайн, деректер визуализациясы, медиа және цифрлық технологиялар саласындағы білім мен дағдыларды дамытуға бағытталған. Білім алушылар инфографиканың түрлерін, визуалды коммуникацияның негізгі қағидаларын, визуалды мәдениет пен қабылдау заңдылықтарын меңгереді. Сонымен қатар, бағдарламалық қамтамасыз ету (Adobe Illustrator, Canva, Piktochart т.б.) арқылы практикалық жұмыстар жүргізіледі

Пәнді оқыту мақсаты

Білімалушыларға ақпаратты тиімді және түсінікті түрде ұсынуға мүмкіндік беретін инфографика мен визуалды коммуникация құралдарын қолдану дағдыларын қалыптастыру. Визуалды мазмұнды жобалау арқылы күрделі мәліметтерді оңай түсінуге жағдай жасау, дизайн ойлау қабілетін дамыту.

Оқыту нәтижелері

ON9 Мультимедиялық талдау арқылы ақпарат алудың формалары мен әдістерін қолдану, мультимедиялық форматтарды веб-ресурстарға орналастыру

ON10 Деректер журналистикасындағы үлкен көлемдегі деректерді талдау, визуализация құралдарын пайдалану, әрбір жеке деректер элементінің мәнін ашу

Пән бойынша оқыту нәтижелері

- 1) графикалық және визуалды бағдарламалармен жұмыс істеуді біледі;
- 2) цифрлық контент жасау және оны әртүрлі платформаларда қолданады;
- 3) көрерменге бағытталған визуалды хабарламалар жасауды біледі.

Пререквизиттер

Журналистік мәтін жазуда деректерді визуалдау Мультимедиялық журналистика & Видеосторителлинг

Постреквизиттер

Журналистің жеке стилі Медиабизнесі ұйымдастыру теориясы мен практикасы

Медиа дизайн және графикалық дизайн

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	3
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Пән медиа индустрияда графикалық дизайнның рөлі мен қолдану принциптерін қарастырады. Курс визуалды коммуникация, түстер теориясын, типографияны, макеттеу және цифрлық құралдарды арқылы контент жасау әдістерін қамтиды. Білім алушылар Adobe Photoshop, Illustrator, InDesign, т.б. бағдарламалармен жұмыс істеп, баспа және сандық медиаға арналған дизайн жасайды. Графикалық дизайнның негізгі принциптерін, визуалды коммуникация және ақпаратты графикалық түрде ұсыну, композиция, негіздерін терең түсінуді қамтамасыз етеді.

Пәнді оқыту мақсаты

Заманауи цифрлық журналистика үшін қажетті жаңа технологиялар саласында қажетті білімдерін қалыптастыру, медиа және графикалық дизайнерлік және техникалық дағдыларды игеру.

Оқыту нәтижелері

ON4 Дәстүрлі және жаңа медианың технологиялық мүмкіндіктері, баспа, радио, теледидар, интернет материалдары негізінде жаңа форматтарда журналистік өнім жасау.

ON9 Мультимедиялық талдау арқылы ақпарат алудың формалары мен әдістерін қолдану, мультимедиялық форматтарды веб-ресурстарға орналастыру

Пән бойынша оқыту нәтижелері

- 1) Графикалық дизайнның негізгі қағидалары мен композиция принциптерін түсінеді;
- 2) Типография, түс үйлесімі және макет құру дағдыларын игереді;
- 3) Медиа және жарнама саласы үшін кәсіби графикалық контент жасай алады;
- 4) Adobe Photoshop, Illustrator, InDesign сияқты бағдарламаларда жұмыс істей біледі;
- 5) Инфографика, бренд идентификациясы және мультимедиялық дизайн жасау қабілетін дамытады.

Пререквизиттер

Журналистік мәтін жазуда деректерді визуалдау Мультимедиялық журналистика & Видеосторителлинг

Постреквизиттер

Журналистің жеке стилі Медиабизнесі ұйымдастыру теориясы мен практикасы

Медиа тексті жазу шеберлігі және сөз мәдениеті

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	3
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Пән қазіргі заманғы медиаортада кәсіби жазу машықтарын, соның ішінде журналистік, PR, және саяси-коммуникациялық мәтіндерді (спичрайтинг) құрастыра білу қабілетін дамытуға бағытталған. Бұл пән медиатексттерді (ақпараттық, аналитикалық, публицистикалық, көркем-публицистикалық және жарнамалық мәтіндер) жазудың практикалық және теориялық негіздерін, сондай-ақ спичрайтинг өнерін үйретеді. Білім алушылар әртүрлі мақсаттағы аудиторияға арналған мәтіндерді сауатты құрастыру, ораторлық шеберлік пен спикердің бейнесін жасау жолдарын меңгереді.

Пәнді оқыту мақсаты

Білім алушыларға медиа саласында мәтін жазудың кәсіби әдістерін үйрету, спичрайтингтің ерекшеліктерін, құрылымын және стилін түсіндіру, көпшілік алдында сөйлеуге арналған мәтіндерді (сөздер, баяндамалар, үндеулер) дайындау, сөйлеу

дағдыларын қалыптастыру; ақпаратты өңдеу, іріктеу және аудиторияға бейімдеу машықтарын жетілдіру.

Оқыту нәтижелері

ON3 Журналистік материалдарды саралау мен дайындауда журналистика жанрлары мен формаларымен, ақпарат көздерімен жұмыс істеуге бейімдеу.

ON4 Дәстүрлі және жаңа медианың технологиялық мүмкіндіктері, баспа, радио, теледидар, интернет материалдары негізінде жаңа форматтарда журналистік өнім жасау.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

- 1) әртүрлі мақсаттағы медиатексттерді сауатты, нормаға сай құрастырады көпшілік алдында сөйлеу үшін логикалық, әсерлі мәтін дайындау біледі;
- 2) авторлық стиль мен ойлау машығын жасай алады,
- 3) журналистік және PR мәтіндерін, баяндама мен сөз мәтіндерін шығармашылықпен құра біледі.

Пререквизиттер

Журналистік материалдарды жазу практикумы

Постреквизиттер

БББ базалық және бейіндеуші пәндері

Контент жасаудың заманауи әдістері

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	3
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Пән цифрлық технология мен әлеуметтік желілердің дамуымен қатар пайда болған, ақпаратты тұтынушыға заманауи әрі интерактивті түрде ұсынатын медиа түрлері туралы түсінік береді. Білімалушылардың заманауи медиаконтент форматтарын қысқа әрі визуалды тартымды видеолар арқылы оқиғаны баяндау дағдылары қалыптасады. Сонымен қатар подкасттар, аудио форматтағы сұхбаттар, пікірлер, репортаждарды заманауи платформаларда тарату жолдарын үйретеді. Репортаждар, деректі бейнематериалдарды жылдам, тұтынуға ыңғайлы, қысқа формада беру тәсілдерін меңгереді.

Пәнді оқыту мақсаты

Білімалушылардың қазіргі заманғы цифрлық платформаларға бейімделген медиаконтенттің жаңа форматтарын жасауға, мультимедиялық құралдарды тиімді қолдануға және аудиториямен креативті байланыс орната білу құзіреттілігін дамыту.

Оқыту нәтижелері

ON6 Ақпаратты анықтау және тарату, елдегі әлеуметтік-экономикалық жағдайды аналитикалық бағалау үшін SMM және PR коммуникация әдістерін пайдалану

ON9 Мультимедиялық талдау арқылы ақпарат алудың формалары мен әдістерін қолдану, мультимедиялық форматтарды веб-ресурстарға орналастыру

Пән бойынша оқыту нәтижелері

- 1) ақпаратты әртүрлі медиаформатта (видео, аудио, инфографика, мәтін) ұсыну дағдыларының болуы;
- 2) визуалды сторителлинг пен интерактивті контент жасау қабілетінің болуы;
- 3)мобильді және әлеуметтік медиа платформаларға бейімделген контент өндірісін жасай біледі.

Пререквизиттер

Мультимедиялық журналистика & Видеосторителлинг

Постреквизиттер

Авторлық бағдарламалар Медиабизнесі ұйымдастыру теориясы мен практикасы

Data-журналистика

Пән циклі	Бейіндеуші пәндер
Курс	3
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Курс білім алушыларға ақпаратты сандық форматта жинау, өңдеу, талдау және визуализациялау дағдыларын үйретеді. Деректермен жұмыс істей отырып, аудиторияға нақты және түсінікті ақпарат ұсынуға мүмкіндік береді. Пән ақпаратты тек мәтін түрінде ғана емес, сонымен қатар графикалар, диаграммалар, карталар және интерактивті құралдар арқылы беруге бағытталған. Курс ақпаратты статистикалық әдістермен талдауға, цифрлық құралдарды пайдалануға, деректерден маңызды мәліметтерді бөліп көрсетуге мүмкіндік береді.

Пәнді оқыту мақсаты

Цифрлық технологиялар мен журналистика үшін жасанды интеллект негіздері дағдысын игерген ірі деректерді статистикалық талдау және визуализациялау саласында жоғары білікті масс-медиа мамандарын сапалы даярлау.

Оқыту нәтижелері

ON7 Отандық медиа индустрияның проблемалары, БАҚ тұрақтылығы көрсеткіштері, БАҚ тұтынушыдағы өзгерістер, медиабизнесінің бөлігі ретінде блогосфераның пайда болу жағдайына бейімдеу

ON10 Деректер журналистикасындағы үлкен көлемдегі деректерді талдау, визуализация құралдарын пайдалану, әрбір жеке деректер элементінің мәнін ашу

Пән бойынша оқыту нәтижелері

- 1) Деректерді сандық және сапалық тұрғыдан жинау және іздеу әдістерін зерттейді;
- 2) Data-репортаждың және деректерді түрлендірудің теориясы мен тәжірибесінің қазіргі жай-күйін талдайды;
- 3) Жекелеген ғылыми зерттеулер контекстінде деректердің сауаттылығы мен баяндау туралы білімді интеграциялайды;
- 4) Графикалар мен диаграммаларды құру, деректерді визуализациялау дағдылары қалыптасады.

Пререквизиттер

Журналистік мәтін жазуда деректерді визуалдау Журналистік зерттеу

Постреквизиттер

Журналистің жеке стилі Ақпараттық соғыс

SMM нарығы

Пән циклі	Бейіндеуші пәндер
Курс	3
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Курста білім алушыларға теледидар, радио, онлайн БАҚ-та журналистік шығармашылық түрлері мен әдістерін білу, эфирлік және баспа контентін өз бетінше жасай білуді үйретеді. Түрлі форматтағы технологиялар, фото, аудио, видео, мультимедиялық технологияларды игереді. Іскерлік басылымдардың типологиясын, дизайнының ерекшелігін, PR- құрылымдар қызметінің әдістері мен нысандарын, БАҚ және бизнестің өзара әрекет ету тәсілдері туралы білімін қалыптастырады.

Пәнді оқыту мақсаты

Іскерлік, экономикалық журналистика және әлеуметтік медиамаркетинг саласында маманданған медианарық саласының сұранысқа ие қызметкерлерін сапалы дайындау. Ақпаратпен жұмыс істеу, медиакәсіпорынды басқару, заманауи маркетинг, медиабизнес және қоғаммен байланыс аясында басқаруда білімді іске асыруды меңгерту.

Оқыту нәтижелері

ON6 Ақпаратты анықтау және тарату, елдегі әлеуметтік-экономикалық жағдайды аналитикалық бағалау үшін SMM және PR коммуникация әдістерін пайдалану

ON8 Медидағы әлеуметтік маркетинг, жалпы ережелері, медиаменеджерлерге арналған SMM қызметі жағдайларын пайдалану

Пән бойынша оқыту нәтижелері

- 1) Әртүрлі басқару жүйелеріндегі жұмыстарды (Joomla, Wordpress, Drupal), JavaScript (сценарий тілі) үйренеді;
- 2) Сайт құру және дизайндау, желілік басылымдар үшін ыңғайлы мәтіндер жасау, іздеу жүйелері үшін мәтіндерді оңтайландыру, SEO-алға басуды меңгереді;
- 3) Іскерлік БАҚ үшін, түрлі әлеуметтік алаңдар мен сайттар үшін сапалы контент, әлеуметтік желілерде орналастыруға бағытталған материалдар жасайды.

Пререквизиттер

Мультимедиялық журналистика & Видеосторителлинг

Постреквизиттер

Авторлық бағдарламалар Медибизнесі ұйымдастыру теориясы мен практикасы

Деректер журналистикасы

Пән циклі	Бейіндеуші пәндер
Курс	3
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Пән деректерді жинау, талдау және оларды журналистикада қолдану әдістерін үйретуге бағытталған. Білім алушыларға көлемді деректер жиынтығын анық және қолжетімді түрде визуализациялау, статистикалық талдау жүргізу және оларды оқырманға жеткізу дағдылары үйретіледі. Деректер журналистикасы ақпараттың дәлдігі мен сенімділігін қамтамасыз ету мақсатында көлемді деректермен жұмыс істеу тәсілдерін қамтиды. Деректерді журналистиканың жаңа мүмкіндіктерін пайдалану арқылы өңдеп аудиторияға маңызды ақпарат ұсынуды үйренеді.

Пәнді оқыту мақсаты

Деректер журналистикасының әдістері мен дағдыларын үйрету және деректерді жинау, талдау және визуализациялау арқылы журналистік зерттеулер жүргізу қабілетін дамыту.

Оқыту нәтижелері

ON9 Мультимедиялық талдау арқылы ақпарат алудың формалары мен әдістерін қолдану, мультимедиялық форматтарды веб-ресурстарға орналастыру

ON10 Деректер журналистикасындағы үлкен көлемдегі деректерді талдау, визуализация құралдарын пайдалану, әрбір жеке деректер элементінің мәнін ашу

Пән бойынша оқыту нәтижелері

- 1) Деректерді жинау, талдау және визуализациялау әдістерін меңгереді.
- 2) Статистикалық деректерді өңдеуді және оны журналистикалық контексте тиімді қолдануды біледі.

Пререквизиттер

Журналистік мәтін жазуда деректерді визуалдау Журналистік зерттеу

Постреквизиттер

Журналистің жеке стилі Ақпараттық соғыс

Медиаконтенттің жаңа форматтары

Пән циклі	Бейіндеуші пәндер
Курс	3
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Пән заманауи медиаиндустриядағы жаңа медиаформаттарды, технологияларды және платформаларды зерттейді. Курс білім алушыларға медиаконтенттің дәстүрлі және заманауи түрлерінің айырмашылығын, жаңа форматтардың (подкасттар, бейнеблогтар, инфографика, интерактивті контент, мемдер, AR (артық шындық) және VR (виртуалды шындық, т.б.)

пайдалануды және олардың аудиторияға әсерін түсінуге мүмкіндік береді. Курс медианы цифрлық дәуірдегі инновациялық өзгерістерге бейімдеуге бағытталған. Білім алушыларға медиа саласындағы жаңа технологиялар мен контент форматтарын тиімді пайдалануды үйретеді.

Пәнді оқыту мақсаты

Медиаконтенттің жаңа форматтарын құру және тарату, сонымен қатар олардың аудиторияға әсерін зерттеу дағдыларын үйрету. Жаңа технологиялар мен медиа құралдарын қолдану арқылы контенттің сапасын арттыру және оны тиімді насихаттау жолдарын түсіндіру.

Оқыту нәтижелері

ON8 Медидағы әлеуметтік маркетинг, жалпы ережелері, медиаменеджерлерге арналған SMM қызметі жағдайларын пайдалану

Пән бойынша оқыту нәтижелері

- 1) Қазіргі медиаконтенттің жаңа медиаформаттарының (блог, подкаст, инфографика, интерактивті контент, 360° бейнеконтент және т.б.) құрылымы мен ерекшеліктерін біледі;
- 2) Әртүрлі медиаформаттарды біріктіру арқылы мультимедиялық контент құру дағдыларын игереді;
- 3) Жаңа медиа құралдарымен жұмыс істеу арқылы жаңа форматтағы жобаларды жоспарлау, ұйымдастыру және басқару дағдыларын біледі.
- 4) Медиа-контенттегі жаңа трендтер мен инновацияларды талдай отырып, оларды өз жұмыстарында қолданады.

Пререквизиттер

Мультимедиялық журналистика & Видеосторителлинг

Постреквизиттер

Авторлық бағдарламалар Медиабизнесі ұйымдастыру теориясы мен практикасы

Деректерді өңдеу және талдау

Пән циклі	Бейіндеуші пәндер
Курс	3
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Курс журналистикада деректерді өңдеу, талдау және интерпретациялау әдістерін үйретуге бағытталған. Үлкен көлемдегі деректерді жинау, тазалау, жүйелеу, статистикалық талдау жасау және оларды түсінікті және қолжетімді түрде жеткізу дағдылары ұсынылады. Деректердің мәнін түсінуге, оны дұрыс талдауға және журналистік контексте пайдалану үшін құралдар мен әдістерді игеруге көмектеседі. Деректерге негізінде журналистік зерттеу жүргізу әдістерін және ақпаратты әртүрлі аудиторияға тиімді ұсынуды үйретеді.

Пәнді оқыту мақсаты

Деректерді жинау, өңдеу және талдау әдістерін үйрету, үлкен деректермен жұмыс істеу кезінде журналистикада қолданылатын талдау құралдары мен дағдыларын дамыту.

Оқыту нәтижелері

ON4 Дәстүрлі және жаңа медианың технологиялық мүмкіндіктері, баспа, радио, теледидар, интернет материалдары негізінде жаңа форматтарда журналистік өнім жасау.

ON10 Деректер журналистикасындағы үлкен көлемдегі деректерді талдау, визуализация құралдарын пайдалану, әрбір жеке деректер элементінің мәнін ашу

Пән бойынша оқыту нәтижелері

- 1) Деректерді жинау, өңдеу және талдау әдістерін меңгереді.
- 2) Статистикалық талдау құралдарын қолдана отырып, үлкен деректермен жұмыс істей біледі.
- 3) Деректерді интерпретациялау және оларды журналистік контексте қолдану дағдыларын алады.

Пререквизиттер

Журналистік мәтін жазуда деректерді визуалдау Журналистік зерттеу

Постреквизиттер

Журналистің жеке стилі Ақпараттық соғыс

Әлеуметтік медиа және контент жасау мәселелері

Пән циклі	Бейіндеуші пәндер
Курс	3
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Пән әлеуметтік медиа платформаларының ерекшеліктерін, олардың аудиторияға әсерін және контент жасаудың заманауи әдістерін зерттейді. Білім алушылар әлеуметтік желілердегі трендтерді, контент түрлерін (мәтін, фото, видео, подкаст), олардың таралу стратегияларын және алгоритмдердің жұмысын меңгереді. Сондай-ақ, әлеуметтік медидағы ақпараттың шынайылығы, этикалық нормалар және фейк жаңалықтар мәселелері қарастырылады. Курс блогерлер, SMM-мамандар, журналистер, PR және маркетинг саласында жұмыс істегісі келетіндер үшін маңызды.

Пәнді оқыту мақсаты

Әлеуметтік медиа экожүйесін және оның қоғамға ықпалын түсіндіру. Әртүрлі платформалар үшін сапалы контент жасау дағдыларын қалыптастыру. Әлеуметтік желілердегі маркетингтік және коммуникациялық стратегияларды меңгерту. Аудиториямен тиімді қарым-қатынас орнату әдістерін үйрету. Жалған ақпарат пен манипуляция мәселелерін талдауға дағдыландыру.

Оқыту нәтижелері

ON4 Дәстүрлі және жаңа медианың технологиялық мүмкіндіктері, баспа, радио, теледидар, интернет материалдары негізінде жаңа форматтарда журналистік өнім жасау.

ON8 Медидағы әлеуметтік маркетинг, жалпы ережелері, медиаменеджерлерге арналған SMM қызметі жағдайларын

пайдалану

Пән бойынша оқыту нәтижелері

1) Әлеуметтік медиа платформаларының жұмыс принциптерін түсінеді.

2) Әртүрлі форматта engaging (қызықты) контент жасай алады, аудиторияның қажеттіліктеріне сай контент стратегиясын қолданады.

3) Деректер мен алгоритмдерді талдау арқылы контенттің тиімділігін арттыруды үйренеді.

Пререквизиттер

Мультимедиялық журналистика & Видеосторителлинг

Постреквизиттер

Авторлық бағдарламалар Медибизнесі ұйымдастыру теориясы мен практикасы

Журналистің жеке стилі

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	4
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Пән журналистің жеке қолтаңбасын, кәсіби имиджін қалыптастыруға, авторлық мәнерін дамытуға бағытталған. Білім алушылар журналистік жанрлардағы стильдік ерекшеліктерді, мәтін құрылымын, риторика мен публицистикалық тәсілдерді, тілдік құралдарды тиімді қолдану жолдарын меңгереді. Пәнде авторлық баяндаудың бірегейлігін қалыптастыру, аудиториямен байланыс орнату және медиа ортада өзін-өзі таныту әдістері қарастырылады. Курс кәсіби журналистика, публицистика, блогинг, медиаөндіріс және авторлық журналистика салаларында жұмыс істегісі келетіндер үшін маңызды.

Пәнді оқыту мақсаты

Журналистің өзіндік стилін қалыптастыруға көмектесу. Авторлық тіл, баяндау мәнері және шығармашылық көзқарасты дамыту. Әр түрлі жанрларда (репортаж, очерк, блог, сұхбат) жеке стильді қолдану әдістерін үйрету. Журналистің кәсіби имиджін қалыптастыру және аудиториямен сенімді қарым-қатынас орнату дағдыларын дамыту.

Оқыту нәтижелері

ON2 Журналистік материал дайындауда құқықтық және этикалық ережелер мен медиа ақпараттық сауаттылықтың негізгі қағидаларын пайдалану

ON3 Журналистік материалдарды саралау мен дайындауда журналистика жанрлары мен формаларымен, ақпарат көздерімен жұмыс істеуге бейімдеу.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

1) Жеке авторлық стилін қалыптастыра алады. Түрлі журналистік жанрларда өзіндік мәнерін дамытады. Көркем және аналитикалық мәтіндерді кәсіби деңгейде жаза біледі;

2) Аудиториямен сенімді байланыс орнатып, өз көзқарасын айқын жеткізе алады;

3) БАҚ және әлеуметтік желілерде кәсіби имиджін қалыптастыру әдістерін меңгереді

Пререквизиттер

Мультимедиялық журналистика & Видеосторителлинг SMM нарығы

Постреквизиттер

Өндірістік 3 практикасы

Ғылыми-зерттеу жұмыстарының әдістемесі

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	4
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Курс журналистика саласы бойынша ғылыми зерттеу жүргізу мен ғылыми жұмыстың әдіс-тәсілдерін үйретуге бағытталған. Ғылыми зерттеу тақырыбы мен мақсатын таңдауды, ғылыми әдебиетпен жұмыс істей білуді, деректерді талдауды, зерттеу нәтижелерін жариялау тәртібін үйретеді. Білім алушыларға зерттеу жұмыстарын жүргізу барысында қолданылатын контент талдау, сауалнама, интервью, эксперимент, тарихи әдіс, әлеуметтік зерттеу, фокус топ, бақылау, т.б. негізгі әдіс-тәсілдерді түсіндіреді. Журналистік зерттеу дағдыларын қалыптастырады.

Пәнді оқыту мақсаты

Білім алушылардың бойында әдіснамалық және ғылыми мәдениетті, ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру мен өткізу саласында білім, білік және дағды жүйесін қалыптастыру.

Оқыту нәтижелері

ON1 Қоғамның қазіргі даму үрдістерін ескере отырып, әлеуметтік-мәдени, экономикалық-құқықтық, экологиялық білімдер мен коммуникативтік дағдыларды, ақпараттық технологияларды қолдану

ON3 Журналистік материалдарды саралау мен дайындауда журналистика жанрлары мен формаларымен, ақпарат көздерімен жұмыс істеуге бейімдеу.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

1) Ғылыми-зерттеу қызметін ұйымдастырудың теориялық негіздерін біледі;

2) Заманауи ғылымның үрдістерін талдай білу, ғылыми зерттеулердің перспективалық бағыттарын анықтай біледі;

3) Кәсіби қызметте зерттеудің эксперименттік және теориялық әдістерін қолданады;

4) Пәндік салада ғылыми зерттеудің заманауи әдістерін меңгеріп, өзінің ғылыми әлеуетін жетілдіру және дамыту дағдыларын қалыптастырады.

Пререквизиттер

Инновациялық публицистика Журналистік зерттеу

Постреквизиттер

Дипломалды практикасы

Ғылыми медиажурналистика

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	4
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Пән журналистика мен ғылымды біріктіретін сала болып табылады. Ғылыми журналистиканың негізгі қағидалары, әдістері мен ерекшеліктері қарастырылады. Ғылыми ақпаратты қоғамдық медиада тиімді және анық жеткізу әдістерін үйретеді. Білім алушыларға ғылыми ақпаратты талдау, күрделі ғылыми ұғымдарды қарапайым және түсінікті тілмен баяндау, ғылыми зерттеулер мен жаңалықтарды қоғамға жеткізу тәсілдерін үйретеді. Сондай-ақ ғылыми этика, фактчекинг, жалған ақпаратпен күресуді және ғылыми контентті визуализациялау әдістерін қамтиды.

Пәнді оқыту мақсаты

Ғылыми журналистиканың негізгі принциптері мен әдістерін түсіндіру. Ғылыми ақпаратты талдау және оны қоғамға қарапайым тілде жеткізу дағдыларын дамыту. Ғылыми деректердің дәлдігі мен сенімділігін тексеру қабілетін қалыптастыру.

Оқыту нәтижелері

ON1 Қоғамның қазіргі даму үрдістерін ескере отырып, әлеуметтік-мәдени, экономикалық-құқықтық, экологиялық білімдер мен коммуникативтік дағдыларды, ақпараттық технологияларды қолдану

ON10 Деректер журналистикасындағы үлкен көлемдегі деректерді талдау, визуализация құралдарын пайдалану, әрбір жеке деректер элементінің мәнін ашу

Пән бойынша оқыту нәтижелері

- 1) Ғылыми журналистиканың негізгі қағидалары мен жанрларын меңгереді;
- 2) Күрделі ғылыми ақпаратты қарапайым әрі түсінікті форматта ұсынуды үйренеді;
- 3) Ғылыми материалдарды рәсімдеуде визуализациялау әдістерін қолданады (инфографика, диаграммалар, мультимедиялық форматтар), ғылыми мақалалар, жаңалықтар мен репортаждар дайындау дағдыларын жетілдіреді.

Пререквизиттер

Инновациялық публицистика Журналистік зерттеу

Постреквизиттер

Дипломалды практикасы

Ғылыми-танымдық журналистика

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	4
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Курс ғылыми-танымдық жаңалықтар мен ғылыми ақпаратты әлеуметке түсінікті әрі қызықты түрде жеткізуге бағытталған. Білім алушыларға ғылыми зерттеулерді, эксперименттерді, ғылыми жетістіктерді, ғылым мен шығармашылық салаларын дұрыс көрсету әдістерін үйретеді. Пәнде ғылыми тақырыптар мен зерттеулерді журналистік тұрғыдан сауатты жазуды және түсіндіру қажеттігін үйренеді. Курстың мазмұны ғылыми материалдарды бұқаралық ақпарат құралдарында тиімді жариялау әдістері мен тәсілдерін қамтиды.

Пәнді оқыту мақсаты

Ғылыми-танымдық жаңалықтар мен зерттеулерді көпшілікке түсінікті және қызықты түрде жеткізу дағдыларын қалыптастыру. Журналистік әдістерді қолдана отырып, ғылыми-танымдық ақпаратты беру әдістемесін үйрету. Ғылыми және білім беру ақпаратын халық арасында кеңінен насихаттау дағдыларын дамыту.

Оқыту нәтижелері

ON1 Қоғамның қазіргі даму үрдістерін ескере отырып, әлеуметтік-мәдени, экономикалық-құқықтық, экологиялық білімдер мен коммуникативтік дағдыларды, ақпараттық технологияларды қолдану

ON10 Деректер журналистикасындағы үлкен көлемдегі деректерді талдау, визуализация құралдарын пайдалану, әрбір жеке деректер элементінің мәнін ашу

Пән бойынша оқыту нәтижелері

1. Ғылыми тақырыптарды дұрыс таңдап, журналистік тұрғыда сауатты әрі қызықты ұсына біледі.
2. Ғылыми-танымдық ақпаратты жұртшылыққа түсінікті тілде жеткізу үшін қажетті дағдыларды меңгереді.
3. Ғылыми-танымдық жаңалықтарды дұрыс зерттеп, кәсіби журналистік әдістерді қолдана отырып жариялайды.

Пререквизиттер

Инновациялық публицистика Журналистік зерттеу

Постреквизиттер

Дипломалды практикасы

Практикалық журналистика

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	4
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Пән журналистік шеберліктің негізгі дағдыларын үйретуге бағытталған. Пәннің мазмұны жаңалықтар жазу, репортаж дайындау, сұхбат алу, деректермен жұмыс істеу және ақпаратты тексеру тәсілдерін қамтиды. Сондай-ақ этика, медиа тіл және заманауи медиа құралдарымен жұмыс істеу тәжірибесі қамтылады. Білім алушылар жаңалықтарды жазудың құрылымы және ақпаратты сұрыптау тәсілдерін, интервью алу техникасы сияқты тәжірибелік дағдыларды меңгереді. Пән тәжірибеге негізделген тапсырмалармен жүргізіледі.

Пәнді оқыту мақсаты

БАҚ-та материал дайындаудың тиімді әдістерін, фактчекинг, мультимедиа сынды медиа саласындағы соңғы терминдер мен жанрларды меңгереді әрі телеарна мен радиода, интернет-БАҚ-та хабар дайындаудың тиімді жолдарын үйренеді.

Оқыту нәтижелері

ON4 Дәстүрлі және жаңа медианың технологиялық мүмкіндіктері, баспа, радио, теледидар, интернет материалдары негізінде жаңа форматтарда журналистік өнім жасау.

ON5 Ақпарат кеңістігінде цифрлы құзіреттіліктерді пайдалану арқылы цифрлық медиа мен жасанды интеллектінің мүмкіндіктерін қолдану

ON7 Отандық медиа индустрияның проблемалары, БАҚ тұрақтылығы көрсеткіштері, БАҚ тұтынуудағы өзгерістер, медиабизнестің бөлігі ретінде блогосфераның пайда болу жағдайына бейімдеу

Пән бойынша оқыту нәтижелері

1) Журналистік материалды жазу және өңдеу тәсілдерін біледі;

2) Журналистік материалдарға фото, видео, графика және инфографика қосу, мультимедиялық құралдарды қолдану дағдыларын меңгереді;

3) Қоғамдық тұлғалармен, сарапшылармен, түрлі сала мамандарымен интервью-сұхбат жүргізу дағдылары артады.

Пререквизиттер

Мультимедиялық журналистика & Видеосторителлинг

Постреквизиттер

Өндірістік 3 практикасы

Мамандандырылған журналистика

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	4
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Саяси журналистиканың ерекшеліктері, экономикалық тақырыптарды жазу әдістері, ғылыми- танымал материалдарды дайындау, мәдени журналистика: шолу және сын, спорттық журналистика: репортаж және аналитика, салалық дереккөздермен жұмыс тақырыптары қамтылған. Білім алушылар салалық дереккөздермен жұмыс істеуді үйренеді. Пән тәжірибеге негізделіп оқытылады.

Пәнді оқыту мақсаты

Экология, медицина, іскерлік журналистика, экономика т.б. мәселелеріне қатысты зерттеушінің жауапты рөліне дайындап, оларды қазіргі заманның негізгі проблемалары және медианың осы проблемаларды шешуге ықпал ететін мүмкіндіктері туралы қажетті білім беру.

Оқыту нәтижелері

ON3 Журналистік материалдарды саралау мен дайындауда журналистика жанрлары мен формаларымен, ақпарат көздерімен жұмыс істеуге бейімдеу.

ON4 Дәстүрлі және жаңа медианың технологиялық мүмкіндіктері, баспа, радио, теледидар, интернет материалдары негізінде жаңа форматтарда журналистік өнім жасау.

ON7 Отандық медиа индустрияның проблемалары, БАҚ тұрақтылығы көрсеткіштері, БАҚ тұтынуудағы өзгерістер, медиабизнестің бөлігі ретінде блогосфераның пайда болу жағдайына бейімдеу

Пән бойынша оқыту нәтижелері

1)Аудиторияның түрі, тақырыптық мазмұнына орай мамандандырылған журналистиканың негізгі түсініктерін игереді;

2)Журналистиканың функциялары мен принциптерін экологиялық, спорттық, медициналық, экономикалық, құқықтық, әскери журналистика т.б. салаларында қолданады;

Сұранысқа орай мамандандырылған журналистиканың тиімділігі мен нәтижелігін қалыптастырады.

Пререквизиттер

Мультимедиялық журналистика & Видеосторителлинг SMM нарығы

Постреквизиттер

Өндірістік 3 практикасы

PR және PR-брендинг

Пән циклі	Бейіндеуші пәндер
Курс	4
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Курс PR және PR- брендинг саласындағы теория мен практиканың негіздерін қамтиды. Білім алушыларға PR- журналистикасының маңызы, PR әдістері мен құралдары, ұйымдар мен тұлғалар үшін брендинг және оны PR- да қолдану туралы түсінік беріледі. PR-брендинг – брендті құру және дамыту, оның қоғамдағы бейнесін және тұтынушылармен қарым-қатынасын басқару процесі. Пән аясында түрлі PR-акцияларды өткізу, медиа-кампаниялар құру, сондай-ақ қоғаммен тиімді қарым-қатынас орнату мәселелері талқыланады.

Пәнді оқыту мақсаты

PR және PR брендингінің негізгі түсініктері мен әдістерін түсіндіру; PR стратегиялары мен PR брендинг құралдарын қолдану дағдыларымен таныстыру; PR- брендинг арқылы ұйымдардың немесе тұлғалардың имиджін қалыптастыру және дамыту әдістерін меңгеру; PR брендингінің рөлін және оның медиа контекстіндегі аудиторияға әсерін түсіндіру.

Оқыту нәтижелері

ON6 Ақпаратты анықтау және тарату, елдегі әлеуметтік-экономикалық жағдайды аналитикалық бағалау үшін SMM және PR коммуникация әдістерін пайдалану

ON8 Медидағы әлеуметтік маркетинг, жалпы ережелері, медиаменеджерлерге арналған SMM қызметі жағдайларын

пайдалану

Пән бойынша оқыту нәтижелері

- 1) PR және PR брендинг ұғымдарын түсінеді және олардың журналистикадағы рөлін анықтайды.
- 2) PR брендинг әдістері мен стратегияларын тиімді қолданады.
- 3) PR-брендинг арқылы медиа мен қоғамда жеке тұлғаның немесе ұйымның имиджін жақсарту әдістерін игереді.

Пререквизиттер

PR және бұқара коммуникациялары Спичрайтерлік сөйлеу техникасы

Постреквизиттер

Өндірістік 3 практикасы

Авторлық бағдарламалар

Пән циклі	Бейіндеуші пәндер
Курс	4
Академиялық кредит саны	6
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Пән қазіргі медиа кеңістіктегі авторлық бағдарламалардың құрылымы, олардың формалары мен жанрлары, сондай-ақ жүргізуші мен редактордың шығармашылық рөлі туралы білім береді. Білім алушылар авторлық бағдарламаларды құру, олардың мазмұнын таңдау және аудиториямен тиімді байланыс жасау дағдыларын үйренеді. Пәнде сонымен қатар бағдарламалар концепцияларын, сценарий жазу үрдісін, техникалық және шығармашылық аспектілерді, редакциялық жұмыстарды талдайды. Авторлық бағдарламаларға және олардың қоғамдық-әлеуметтік маңыздылығына ерекше назар аударылады.

Пәнді оқыту мақсаты

Авторлық бағдарламаларды әзірлеу мен жүргізудің теориялық және практикалық негіздерін игерту. Журналистиканың шығармашылық процесін түсіндіріп, авторлық бағдарламалардың түрлі форматтарында жұмыс істей алатын маман даярлау.

Оқыту нәтижелері

ON4 Дәстүрлі және жаңа медианың технологиялық мүмкіндіктері, баспа, радио, теледидар, интернет материалдары негізінде жаңа форматтарда журналистік өнім жасау.

ON5 Ақпарат кеңістігінде цифрлы құзіреттіліктерді пайдалану арқылы цифрлық медиа мен жасанды интеллектінің мүмкіндіктерін қолдану

ON7 Отандық медиа индустрияның проблемалары, БАҚ тұрақтылығы көрсеткіштері, БАҚ тұтытудағы өзгерістер, медиабизнестің бөлігі ретінде блогосфераның пайда болу жағдайына бейімдеу

Пән бойынша оқыту нәтижелері

- 1) Авторлық бағдарламалардың негізгі түрлерін және олардың құрылымын түсінеді;
- 2) Авторлық бағдарламалардың тұжырымдамасын, форматын және жанрын таңдай біледі;
- 3) Журналистикадағы шығармашылық процесті түсінеді, бағдарламаны концептуалды-тұжырымдамалық түрде жоспарлайды;
- 4) Бағдарламаларды жүргізеді және бағдарламаларға сценарий жазуды игереді.

Пререквизиттер

Телевизиялық өндіріс Жаңалық және ойлау технологиялары / жаңалықтар фабрикасы

Постреквизиттер

Өндірістік 3 практикасы

Деректерді визуализациялау

Пән циклі	Бейіндеуші пәндер
Курс	4
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Пән ақпараттық журналистика мен цифрлық коммуникация саласындағы маңызды бағыттардың бірі. Бұл пән білім алушыларды күрделі мәліметтер мен статистиканы визуалды түрде түсінікті, көрнекі және тартымды етіп ұсыну дағдыларына үйретеді. Сондай-ақ, журналистикада, медиа саласында және қоғамдық коммуникацияда қолданылатын деректерді графикалық түрде ұсыну тәсілдерін меңгеруге бағытталған. Білім алушылар диаграмма, график, инфографика, карталар мен интерактивті визуализация құралдарын қолдана отырып, ақпаратты аудиторияға түсінікті және әсерлі түрде жеткізуді үйренеді.

Пәнді оқыту мақсаты

Білім алушыларға ақпараттық және статистикалық деректерді талдау, өңдеу және визуализациялау негіздерін қолдана білу құзіреттілігін қалыптастыру. Медиажобаларда инфографика мен визуалды элементтерді тиімді пайдалануға машықтандыру. Қоғамдық маңызы бар мәселелерді деректер арқылы негіздеп көрсетуге баулу.

Оқыту нәтижелері

ON7 Отандық медиа индустрияның проблемалары, БАҚ тұрақтылығы көрсеткіштері, БАҚ тұтытудағы өзгерістер, медиабизнестің бөлігі ретінде блогосфераның пайда болу жағдайына бейімдеу

ON8 Медидағы әлеуметтік маркетинг, жалпы ережелері, медиаменеджерлерге арналған SMM қызметі жағдайларын пайдалану

ON10 Деректер журналистикасындағы үлкен көлемдегі деректерді талдау, визуализация құралдарын пайдалану, әрбір жеке деректер элементінің мәнін ашу

Пән бойынша оқыту нәтижелері

- 1) журналистік зерттеулер мен мақалаларда визуалды деректерді қолдана біледі;
- 2) ақпараттық визуализация арқылы оқырманға күрделі мәліметтерді түсінікті жеткізуді біледі;
- 3) деректерге негізделген аргументация жасау қабілеті болады

Пререквизиттер

Постреквизиттер

Өндірістік 3 практикасы

Іскерлік және имидждік коммуникация

Пән циклі	Бейіндеуші пәндер
Курс	4
Академиялық кредит саны	6
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Пән журналистика және медиа саласында жұмыс істейтін мамандардарға іскерлік қарым- қатынас және имидж қалыптастырудың негіздерін үйретеді. Курста білім алушылар ұйымдар мен жеке тұлғалардың имиджін қалыптастырудың, бұқаралық ақпарат құралдарында жарнамалаудың, PR-акциялар өткізудің және корпоративтік мәдениетті қалыптастырудың тиімді әдістері мен тәсілдерін меңгереді. Сондай-ақ, іскерлік коммуникацияның заманауи трендтері мен әлеуметтік желілердегі корпоративтік имиджді басқарудың үрдістері туралы білім беріледі.

Пәнді оқыту мақсаты

Іскерлік және имидждік коммуникацияның негізгі принциптерін түсіндіру, оларды кәсіби деңгейде қолдана алу дағдыларын қалыптастыру. Тиімді коммуникация әдістерін, медиа кеңістікте дұрыс имидж құрудың, брендті пен ұйымды басқарудың жодарын көрсету.

Оқыту нәтижелері

ON7 Отандық медиа индустрияның проблемалары, БАҚ тұрақтылығы көрсеткіштері, БАҚ тұтынудағы өзгерістер, медиабизнестің бөлігі ретінде блогосфераның пайда болу жағдайына бейімдеу

ON8 Медиадағы әлеуметтік маркетинг, жалпы ережелері, медиаменеджерлерге арналған SMM қызметі жағдайларын пайдалану

Пән бойынша оқыту нәтижелері

1)БАҚ- тың жалпы жүйесіндегі іскерлік медианың орны мен рөлі туралы, мамандандырылған оқырман аудиториясы үшін бұқаралық-коммуникациялық процестердің мәні туралы, іскерлік медианы типологизациялау туралы түсінікке ие болады;

2) Ақпарат көздерімен жұмыс істеу дағдыларын

меңгеріп, іскерлік және экономикалық сипаттағы ақпаратты жинап, өңдеп және талдайды;

3) Макро және микроэкономикалық теорияның негізгі ұғымдары мен санаттарын біледі, іскерлік медиада қолданылатын журналистік материалдарды жасау үшін практикалық қызметте ақпарат жинаудың, оны өңдеудің және редакциялаудың техникалары, құралдары мен әдістерін қолдана біледі.

Пререквизиттер

SMM нарығы Журналистің жеке стилі

Постреквизиттер

Өндірістік 3 практикасы

Ақпараттық қауіпсіздік

Пән циклі	Бейіндеуші пәндер
Курс	4
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Пәнде журналистік қызметтегі ақпараттық қауіпсіздіктің негізгі ұғымдары, принциптері мен қауіп- қатер түрлері қарастырылады. Білім алушылар деректерді қорғау, жеке және редакциялық ақпараттың қауіпсіздігін сақтау, фейк пен манипуляцияларды тану, кибершабуылдарға қарсы әрекет ету және цифрлық қауіпсіздік құралдарын қолдану дағдыларын меңгереді. Курста барысында интернет- журналистика құралдарын пайдалану арқылы әлемдік және отандық БАҚ- тың ақпараттық қауіпсіздік саласындағы заманауи тәжірибесімен танысады.

Пәнді оқыту мақсаты

Ақпараттық қауіпсіздік саласының теориялық негіздерін меңгерту, журналистиканың ақпараттық кеңістіктегі рөлін түсіндіру, ақпаратты қорғау тәсілдерін үйрету. Сондай-ақ нормативтік-құқықтық талаптар мен халықаралық тәжірибені зерделеу арқылы шетелдік тәжірибені отандық медиажүйеде қолдану дағдыларын қалыптастыру.

Оқыту нәтижелері

ON3 Журналистік материалдарды саралау мен дайындауда журналистика жанрлары мен формаларымен, ақпарат көздерімен жұмыс істеуге бейімдеу.

ON7 Отандық медиа индустрияның проблемалары, БАҚ тұрақтылығы көрсеткіштері, БАҚ тұтынудағы өзгерістер, медиабизнестің бөлігі ретінде блогосфераның пайда болу жағдайына бейімдеу

Пән бойынша оқыту нәтижелері

1) Ақпараттық қауіпсіздіктің негізгі ұғымдары мен құқықтық-нормативтік негіздерін біледі;

2) Ақпараттық қатерлерді, кибершабуыл түрлерін және олардың салдарын түсінеді;

3) Ақпаратты қорғау тәсілдерін, цифрлық қауіпсіздік құралдарын кәсіби қызметте қолданады.

Пререквизиттер

Журналистік зерттеу Data-журналистика

Постреквизиттер

Өндірістік 3 практикасы

Ақпараттық соғыс

Пән циклі	Бейіндеуші пәндер
Курс	4
Академиялық кредит саны	5

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Пәнде ақпараттық соғыс ұғымы, ақпараттық соғыстың теориялық негіздері мен стратегиялары, үгіт-насихат, фейк жаңалықтар, манипуляция және қоғамдық санаға ықпал ету құралдары қарастырылады. Білім алушылар ақпараттық қарсы шабуылдардың түрлерін, медиатеологиялар арқылы ықпал ету әдістерін, медиалық манипуляция стратегияларын, сондай-ақ ақпараттық қақтығыстар мен идеологиялық күрестің журналистикадағы көріністерін талдайды. Пән аясында заманауи медиамәтіндерді талдау арқылы ақпараттық ықпал ету тактикаларының қолданылу тәсілдері меңгеріледі.

Пәнді оқыту мақсаты

Ақпараттық соғыстың теориялық негіздері мен стратегияларын үйрету, үгіт-насихат, манипуляция, дезинформация әдістерін түсіндіру арқылы білім алушылардың ақпараттық ықпал ету тактикаларын терең меңгеруін қамтамасыз ету және ақпараттық қауіпсіздік пен медиа сауаттылық дағдыларын қалыптастыру.

Оқыту нәтижелері

ON7 Отандық медиа индустрияның проблемалары, БАҚ тұрақтылығы көрсеткіштері, БАҚ тұтынуудағы өзгерістер, медиабизнестің бөлігі ретінде блогосфераның пайда болу жағдайына бейімдеу

Пән бойынша оқыту нәтижелері

- 1) Ақпараттық соғыс ұғымдарын, теориялық негіздері мен негізгі стратегияларын біледі және түсінеді;
- 2) Үгіт-насихат, манипуляция және дезинформация әдістерін талдайды және, медиатеологиялар арқылы ықпал ету тәсілдерін қолданады.
- 3) Ақпараттық қауіпсіздік қағидаларын түсініп, медиа сауаттылық негізінде ақпараттық қарсы шабуылдарға тиімді әрекет етеді.

Пререквизиттер

Журналистік зерттеу Data-журналистика

Постреквизиттер

Өндірістік 3 практикасы

Жасанды интеллект және журналистика

Пән циклі	Бейіндеуші пәндер
Курс	4
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Пән білімалушыларға жасанды интеллекттің негіздерін, оның журналистика саласындағы қолдану мүмкіндіктерін, жасанды интеллекттің құралдары мен әдістерін үйретуге бағытталған. Пән шеңберінде білімалушылар ЖИ арқылы жаңалықтарды автоматты генерациялау, фейк ақпаратты анықтау, контентті дараландыру сияқты технологиялардың жұмыс істеу принциптерін меңгереді, деректер журналистикасы және медиа этика аспектілерімен танысады. Сонымен қатар, ЖИ құралдарының журналистік зерттеулерде, ақпаратты жинау мен сараптауда, контент жасау мен таратуда қалай қолданылатыны қарастырылады.

Пәнді оқыту мақсаты

Білімалушыларға жасанды интеллект технологияларының журналистикадағы мүмкіндіктері мен шектеулерін ажырата білу дағдыларын қалыптастыру, ЖИ құралдарын қолдана отырып медиа контентті жасау, өңдеу және тарату қабілеттерін дамыту.

Оқыту нәтижелері

ON5 Ақпарат кеңістігінде цифрлы құзіреттіліктерді пайдалану арқылы цифрлық медиа мен жасанды интеллектінің мүмкіндіктерін қолдану

Пән бойынша оқыту нәтижелері

- 1) журналистика саласындағы жасанды интеллект құралдарын таниды және қолданады;
- 2) ақпаратты талдау және визуализациялау дағдыларын жасай алады;
- 3) ЖИ-мен жұмыс істей алатын платформалар мен бағдарламалық құралдарды біледі.

Пререквизиттер

Мультимедиялық журналистика & Видеоосторителлинг

Постреквизиттер

Өндірістік 3 практикасы

Интернет кеңістіктегі ақпараттық қауіпсіздік мәселелері

Пән циклі	Бейіндеуші пәндер
Курс	4
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Курс интернет желісінде ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің негізгі қағидалары мен әдістерін зерттеуге бағытталған. Білім алушылар онлайн платформаларда киберқауіптер, деректерді қорғау, фишинг, зиянды бағдарлама, әлеуметтік инженерия және ақпараттық қауіпсіздік шаралары туралы білетін болады. Курс цифрлық қауіптерден қорғануды және интернеттегі ақпаратпен қауіпсіз жұмыс істеуге үйретеді. Пән аясында кибершабуылдардың алдын алу, жеке деректерді қорғау тақырыптары қамтылған.

Пәнді оқыту мақсаты

Интернет желісіндегі ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету принциптерін түсіндіру, киберқауіптерге қарсы тұру дағдыларын дамыту, жеке деректерді қорғау әдістерін меңгеру.

Оқыту нәтижелері

ON3 Журналистік материалдарды саралау мен дайындауда журналистика жанрлары мен формаларымен, ақпарат көздерімен жұмыс істеуге бейімдеу.

ON4 Дәстүрлі және жаңа медианың технологиялық мүмкіндіктері, баспа, радио, теледидар, интернет материалдары негізінде

жаңа форматтарда журналистік өнім жасау.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

- 1) Ақпараттық қауіпсіздік қағидаларын меңгереді;
- 2) Кибершабуыл түрлерін және олардан қорғану жолдарын түсінеді; фишинг пен интернет-алаңдықтың әдістерін ажырата біледі;
- 3) Зиянды бағдарламалар және хакерлік шабуылдармен күресу стратегияларын меңгереді;
- 4) Фактчекинг құралдарының көмегімен жалған ақпаратты анықтай біледі.

Пререквизиттер

Журналистік зерттеу Data-журналистика

Постреквизиттер

Өндірістік 3 практикасы

Медиа жобаларды продюсерлеу

Пән циклі	Бейіндеуші пәндер
Курс	4
Академиялық кредит саны	6
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Пән медиа индустриядағы жобаларды басқару және продюсерлеу негіздерін үйретуге арналған. Курста білім алушылар медиа өнімдерді жоспарлауды, қаржыландыру, басқару және тарату жолдарын меңгереді. Контент өндіру, аудиторияны зерттеу, медиа жобаларды монетизациялау және оларды нарыққа шығару стратегиялары қарастырылады. Пәнде медиа жобаны жоспарлау және оның құрылымы, бюджеттеу және қаржыландыру көздері: продюсердің рөлі, медиа жобалардың маркетингі тақырыптары қамтылған.

Пәнді оқыту мақсаты

Медиа жобаларды жоспарлаудың, басқару, қаржыландыру және жүзеге асырудың негізгі принциптерін үйрету. Продюсерлік қызметтің негізгі аспектілерін, аудиторияны зерттеу, контентті монетизациялау және маркетинг стратегияларын меңгереді.

Оқыту нәтижелері

ON7 Отандық медиа индустрияның проблемалары, БАҚ тұрақтылығы көрсеткіштері, БАҚ тұтынуудағы өзгерістер, медиабизнесінің бөлігі ретінде блогосфераның пайда болу жағдайына бейімдеу

ON9 Мультимедиялық талдау арқылы ақпарат алудың формалары мен әдістерін қолдану, мультимедиялық форматтарды веб-ресурстарға орналастыру

Пән бойынша оқыту нәтижелері

- 1) Медиа жобалар үшін монетизация және серіктестік стратегияларын құра алады;
- 2) Медиа өнімді нарыққа шығару, PR және маркетинг стратегияларын жүзеге асыра алады;
- 3) Команданы басқаруды және жоба менеджментінің негізгі құралдарын пайдалануды біледі.

Пререквизиттер

Жаңалық және ойлау технологиялары / жаңалықтар фабрикасы

Постреквизиттер

Өндірістік 3 практикасы

Қоғаммен байланыс және имиджмейкинг

Пән циклі	Бейіндеуші пәндер
Курс	4
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Пән аясында білім алушылар қоғаммен байланыс стратегияларын құру, қоғаммен байланыстың түрлі құралдарын қолдану, медиа мен қоғам арасындағы қарым-қатынасты нығайту туралы білім алады. Курста жеке тұлғалар мен ұйымдардың қоғамдық имиджін жасау және оны басқару, ақпараттық кампанияларды ұйымдастыру әдістері талқыланады. Имиджмейкинг – жеке тұлғалар немесе ұйымдардың қоғамдағы және медиадағы оң имиджін жасау және басқару процесі қарастырылады.

Пәнді оқыту мақсаты

Қоғаммен байланыс және имиджмейкинг саласындағы журналистиканың рөлін түсіндіру; Имиджді қалыптастыру және оны басқарудың стратегияларын әзірлеуге бағытталған білім беру; Тұлғаның немесе ұйымның өз көзқарасын, құндылықтарын, мінез-құлқын, мақсаттарын және қоршаған ортаға әсерін позитивті түрде көрсету.

Оқыту нәтижелері

ON6 Ақпаратты анықтау және тарату, елдегі әлеуметтік-экономикалық жағдайды аналитикалық бағалау үшін SMM және PR коммуникация әдістерін пайдалану

ON8 Медиадағы әлеуметтік маркетинг, жалпы ережелері, медиаменеджерлерге арналған SMM қызметі жағдайларын пайдалану

Пән бойынша оқыту нәтижелері

- 1) Қоғаммен байланыс және имиджмейкинг ұғымдарын түсінеді және олардың журналистикадағы орнын анықтайды.
- 2) Тұлғалар мен ұйымдар үшін медиа ақпаратты дұрыс және сапалы жариялау тәсілдерін меңгереді.
- 3) Тұлғаның немесе ұйымның өз көзқарасын, құндылықтарын, мінез-құлқын, мақсаттарын және қоршаған ортаға әсерін позитивті түрде көрсете біледі.

Пререквизиттер

PR және бұқара коммуникациялары Спичрайтерлік сөйлеу техникасы

Постреквизиттер

Өндірістік 3 практикасы

Заманауи PR технологиялары

Пән циклі	Бейіндеуші пәндер
-----------	-------------------

Курс	4
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Курс өнімді өндіру, компания қызметін басқару технологияларын түсінуге бағытталған. Пән аясында білім алушылар PR (Public Relations) саласындағы заманауи трендтерді, цифрлық коммуникация тәсілдерін, әлеуметтік медиа платформаларын пайдалануды, имидж және бренд қалыптастыру стратегияларын, дағдарыс жағдайындағы коммуникация әдістерін меңгереді. Сонымен қатар контент жасау, мақсатты аудиториямен өзара әрекеттесу, медиа-жоспарлау және аналитика құралдарын қолдану жолдары қарастырылады.

Пәнді оқыту мақсаты

PR-технологиялармен байланысты кәсіби жұмыс үшін қажетті дағдыларды қалыптастыру. Қазіргі қоғаммен байланыс және PR – технологиялар саласындағы кәсіби жұмыстың маңыздылығы мен қажеттілігі туралы терең және жан-жақты түсінік беру. PR-технологиялар арқылы өнімді стратегиялық жылжыту және брендті басқару бойынша іс-шаралар кешенін кәсіби құру жүйесін қарастыру.

Оқыту нәтижелері

ON6 Ақпаратты анықтау және тарату, елдегі әлеуметтік-экономикалық жағдайды аналитикалық бағалау үшін SMM және PR коммуникация әдістерін пайдалану

ON9 Мультимедиялық талдау арқылы ақпарат алудың формалары мен әдістерін қолдану, мультимедиялық форматтарды веб-ресурстарға орналастыру

Пән бойынша оқыту нәтижелері

1)Стратегиялық менеджмент негіздерін біледі;

2)Корпоративтік және бұқаралық іс-шараларды басқару және басқару білімін қолдана біледі;

3)Басшы дағдысының болуы, коммуникация модельдерін құрады, PR- технологиялардағы маркетингтік стратегияларды жоспарлай біледі;

4)Коммуникациялық мүмкіндіктерге әсер ететін факторларды талдайды.

Пререквизиттер

PR және бұқара коммуникациялары Спичрайтерлік сөйлеу техникасы

Постреквизиттер

Өндірістік 3 практикасы

Медиаөнім стандарттары

Пән циклі	Бейіндеуші пәндер
Курс	4
Академиялық кредит саны	6
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Курс медиаөнімдердің құрылымы мен сапасына қойылатын талаптарды түсінуге бағытталған. Медиаөнім – журналистік материалдарды дайындау мен тарату барысында сақталуы тиіс ережелер мен талаптар жиынтығын меңгереді.

Білім алушылар медиаөнімнің барлық кезеңдерінде қолданылатын кәсіби стандарттарды, соның ішінде мәтіннің құрылымы, редакциялық жұмыс, журналистік этика және құқықтық нормаларды үйренеді. Курста медиа түрлеріне (радио, теледидар, баспа, интернет-журналистика) және әртүрлі аудиторияларға ақпаратты ұсынуудың талаптарына назар аударады.

Пәнді оқыту мақсаты

Медиаөнімдерге қатысты кәсіби стандарттар, журналистикадағы сапа критерийлері, мәтін мен ақпаратты өңдеу ережелерімен таныстыру. Медиа өнімдерді құру, редакциялау және тарату процесіндегі маңызды талаптар мен ережелерді меңгерту.

Оқыту нәтижелері

ON3 Журналистік материалдарды саралау мен дайындауда журналистика жанрлары мен формаларымен, ақпарат көздерімен жұмыс істеуге бейімдеу.

ON4 Дәстүрлі және жаңа медианың технологиялық мүмкіндіктері, баспа, радио, теледидар, интернет материалдары негізінде жаңа форматтарда журналистік өнім жасау.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

1. Медиаөнімдердің құрылымы мен сапасына қойылатын кәсіби стандарттарды түсінеді.

2. Журналистиканың түрлеріне (баспа, радио, теледидар, Интернет) ақпаратты ұсыну стандарттарын біледі.

3. Медиаөнімдерге қатысты құқықтық нормаларды, авторлық құқық және зияткерлік меншікті қорғау туралы түсінік қалыптастырады.

Пререквизиттер

SMM нарығы Журналистің жеке стили

Постреквизиттер

Өндірістік 3 практикасы

Медибизнесі ұйымдастыру теориясы мен практикасы

Пән циклі	Бейіндеуші пәндер
Курс	4
Академиялық кредит саны	6
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Курс медианарықтың құрылымы мен даму ерекшеліктерін, сондай-ақ іскерлік журналистиканың негізгі принциптерін зерттейді. Журналистика, медиа-менеджмент, PR, маркетинг және кәсіпкерлік саласында жұмыс істегісі келетіндер үшін маңызды. Білім алушылар медиа-бизнесінің экономикалық және басқарушылық аспектілерін, қаржылық модельдерді, жарнама мен PR-дың рөлін меңгереді. Пәнде іскерлік журналистиканың стандарттары, аналитикалық шолулар жасау, қаржы, экономика және бизнес тақырыптары бойынша ақпарат дайындау әдістері қарастырылады.

Пәнді оқыту мақсаты

Медианарықтың құрылымын және медиабизнестің негізгі принциптерін түсіндіру. Іскерлік журналистиканың стандарттары мен кәсіби этикасын меңгерту. Экономика, қаржы, бизнес тақырыптарында сапалы контент жасау дағдыларын дамыту. Медиа жобаларды басқару, табысты монетизациялау және маркетингтік стратегияларды үйрету.

Оқыту нәтижелері

ON7 Отандық медиа индустрияның проблемалары, БАҚ тұрақтылығы көрсеткіштері, БАҚ тұтынуындағы өзгерістер, медиабизнестің бөлігі ретінде блогосфераның пайда болу жағдайына бейімдеу

Пән бойынша оқыту нәтижелері

1) Медиабизнестің құрылымын, қаржылық модельдерін және басқару жүйесін түсінеді; отандық және әлемдік БАҚ-тың даму үрдістеріне бағдарлануын біледі;

2) Экономикалық және қаржылық деректерді талдап, аналитикалық материалдар дайындай біледі. Медиа жобаларды басқару және монетизациялау тәсілдерін қолдана алады;

3) БАҚ-тың экономикалық модельдерін құрады, коммуникациялық мүмкіндіктерге әсер ететін факторларды талдайды.

Пререквизиттер

SMM нарығы Журналистің жеке стилі

Постреквизиттер

Өндірістік 3 практикасы

Цифрлық сторителлинг

Пән циклі	Бейіндеуші пәндер
Курс	4
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Бұл пән журналистика, PR, жарнама және цифрлық контент өндірісінде кеңінен қолданылатындықтан, қазіргі медиа кеңістікте оқиғаларды креативті әрі әсерлі форматта баяндау дағдыларын үйретеді. Пәнде білім алушылар оқиғаны мәтін, фото, видео, аудио, графика және анимация элементтерін біріктіре отырып, әртүрлі цифрлық платформаларда (әлеуметтік желілер, сайттар, мобильді қосымшалар) тартымды түрде жеткізу өнерін үйренеді. Сондай-ақ, пән оқиғаны креативті құрылымдау мен көркемдеу арқылы аудиториямен эмоционалды байланыс орнатуға бағытталған.

Пәнді оқыту мақсаты

Білім алушыларға оқиғаны цифрлық форматта баяндау әдістерін меңгерту. Заманауи платформаларға арналған мультимедиялық контент әзірлеуге машықтандыру. Аудиторияға әсер етуге бағытталған креативті ойлау мен визуалды баяндау дағдыларын дамыту.

Оқыту нәтижелері

ON9 Мультимедиялық талдау арқылы ақпарат алудың формалары мен әдістерін қолдану, мультимедиялық форматтарды веб-ресурстарға орналастыру

ON10 Деректер журналистикасындағы үлкен көлемдегі деректерді талдау, визуализация құралдарын пайдалану, әрбір жеке деректер элементінің мәнін ашу

Пән бойынша оқыту нәтижелері

1) әртүрлі аудиторияға бейімделген контент жасау, әсерлі оқиға құрылымын жасау (кейіпкер, шиеленіс, кульминация, шешім);

2) мультимедиялық элементтерді (видео, аудио, фото) мазмұнмен үйлестіре қолдану;

3) сторителлингке арналған бағдарламалармен жұмыс;

4) әлеуметтік желі форматына бейімделген бейне және мәтіндік материалдар жасау, қысқа, нұсқа әрі мазмұнды баяндау тілін меңгеру.

Пререквизиттер

Мультимедиялық журналистика & Видеосторителлинг

Постреквизиттер

Өндірістік 3 практикасы

Цифрлық медиа және подкастинг

Пән циклі	Бейіндеуші пәндер
Курс	4
Академиялық кредит саны	6
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Курста цифрлық медиа мен подкастингтің негіздері мен оларды журналистикада қолдану әдістерін қарастырады. Цифрлық медиа алаңдарында контент жасаудың ерекшеліктері, подкастингтің пайда болуы мен дамуы, аудио және бейнеконтентті жасау, тарату және аудиториямен байланыс орнату дағдыларын үйретіледі. Білім алушылар подкаст жобаларын жасауға қажетті барлық білім мен дағдыларды меңгеріп, цифрлық медиа форматтарын қолдана отырып тиімді хабарлар тарату жолдарын үйренеді.

Пәнді оқыту мақсаты

Цифрлық медиа және подкастинг саласындағы негізгі дағдыларды, аудио және бейнемазмұнды жасау мен тарату тәсілдерін үйрету, сонымен қатар цифрлық платформаларда тиімді контент жасау мен аудиториямен байланыс орнату қабілеттерін дамыту.

Оқыту нәтижелері

ON5 Ақпарат кеңістігінде цифрлы құзіреттіліктерді пайдалану арқылы цифрлық медиа мен жасанды интеллектінің мүмкіндіктерін қолдану

ON6 Ақпаратты анықтау және тарату, елдегі әлеуметтік-экономикалық жағдайды аналитикалық бағалау үшін SMM және PR коммуникация әдістерін пайдалану

ON9 Мультимедиялық талдау арқылы ақпарат алудың формалары мен әдістерін қолдану, мультимедиялық форматтарды веб-

ресурстарға орналастыру

Пән бойынша оқыту нәтижелері

1) Подкаст жасау процесін толық меңгереді (контент жазу, дыбысты монтаждау, аудио және бейнеконтентті өңдеу);

2) Цифрлық платформаларда өз контентін жариялау және аудиториямен байланыс орнатудың тиімді әдістерін қолдана алады.

Пререквизиттер

Телевизиялық өндіріс Жаңалық және ойлау технологиялары / жаңалықтар фабрикасы

Постреквизиттер

Өндірістік 3 практикасы